e. g. What will you have **for the sweet**? Сіз үшіншіге (тәттіге) не аласыз?

a dish

1. тағам, тостақан, табақ

enough

жетерлік, жеткілікті

e. g. We've got **enough** time to do the work.

Біздің бұл жұмысты бітіруге уақытымыз жеткілікті.

We haven't **enough** time to do the work now.

Біздің бұл жұмысқа қазір уақытымыз аз.

Enough-тің сөйлемдегі орнына назар аударыңыз.

This article is interesting **enough** for our newspaper.

Бұл мақала біздің газетіміз үшін айтарлықтай қызықты.

Please dictate more slowly, I can't write fast **enough**.

Жайлап жүргізіп оқыңыз, мен жеткілікті дәрежеде тез жаза алмаймын.

You had **enough** time to finish the work.

(= You had time enough time to finish the work.)

Сіздің бұл жұмысты бітіруге уақытыңыз жеткілікті еді.

I've got **enough** free time today. Менің бүгін бос уақытым жеткілікті.

salt

тұз

to pass

беру (қолдан қолға)

e. g. Will you **pass** me the salad, please? Маған салатты беріңізші.

bread

нан

W. comb. white bread

ақ нан

rye bread

қара нан (бидай, қара түсті)

brown read

қоңыр нан

a course

1. тағам, түскі ас бөлімі (таңғы, кешкі ас)

W. comb. a dinner of four courses (= a four course dinner)

төрт тағамнан тұратын түскі ас

the meat (fish) course

еттен (балықтан) жасалған тамақ

Prep. **for** the second course

екіншіге

2. курс

W. comb. a course of lectures

дәріс алу курсы

Бірақ :

to be in one's first (second, third, etc.) year

бірінші (екінші, үшінші және т.б.) курста оқу

e. g. **Are you in your third year** yet? Сіз енді үшінші курстасыз ба?

to come up (to) = to go up (to)

бару, келу (тақалып)

e. g. The man **came up to** me and said, "Don't you recognize me?"

Ер адам маған таяу келіп: "Сен мені танысың ба?" - деді

I **went up to** the picture to have a good look at it.

Мен суретті дұрыстап қарау үшін, оған жақындадым.

coffee	кофе
milk	сүт
a cake	кекс
strong	1. күшті, мықты
<i>Ant. weak</i>	әлсіз
<i>W. comb. a strong man</i>	мықты ер адам
strong coffee (tea)	2. қою (ішімдік) қою кофе (шай)
sugar	қант, шекер
<i>W. comb. a lump of sugar</i>	бір кесек шекер
to smoke	темекі тарту
<i>W. comb. to have a smoke</i>	темекі тартып алу
a cigarette	темекі
later	кейін, кейінірек
<i>W. comb. two days later</i>	екі күннен кейін

Салыстырыңыз.

He went to see his parents and came back **a fortnight** later (in a fortnight).

Ол әке-шешесін қоруге кетіп, екі аптадан соң оралды.

“I’ll be back in **a fortnight**,” he said.

“Мен екі аптадан кейін келемін, ” - деді ол.

Lesson 13

a shirt	көйлек (ер адам)
trousers (pl)	шалбар
a dress	көйлек (әйел адам)
a hat	бас киім (телпек)
a suit	костюм
a coat	бешпет, пальто
clothes (pl)	киімдер
a shoe	аяқ киім
<i>W. comb.</i> a pair of shoes	бір жұп аяқ киім
a boot	аяқ киім (бәтеңке)
a high boot	етік
all over the place	барлық бөлме бойынша
ready	дайын
<i>Syn.</i> prepared	
<i>e. g.</i> Are you ready yet?	Сіз енді дайынсызба?
<i>Prep.</i> to be ready for ...	бірдеңеге дайын болу
<i>e. g.</i> Are you ready for the examination?	Сіз емтиханға дайынсыз ба?
<i>W. comb.</i> to get ready	дайындалу, дайындау
<i>Syn.</i> to prepare	
<i>e. g.</i> Will you get all the letters and telegrams ready , please?	
	Барлық хаттар мен жеделхаттарды дайындаңызшы.
<i>e. g.</i> He's preparing for this holiday.	Ол демалысқа дайындалып жатыр.
a home town	туған қала
to pack	орау, қаптау, түйю
<i>e. g.</i> Have you packed (up) your things?	
	Сіз өзіңіздің заттарыңызды қаптадыңызба?
He packed his books into a big box.	Ол кітаптарын үлкен жәшікке салды.
the rest (of)	қалғаны, қалған заттар
<i>W. comb.</i> the rest of the things	заттардың қалғаны
	the rest of the work (book, day, etc)
	жұмыстың қалған бөлігі (кітаптың, күннің, т. б.)
about	жанында, қасында, шамасында
<i>e. g.</i> He's about forty.	Ол қырықтар шамасында.
That's about all I was going to say.	Барлық айтайын дегенім шамамен осы.
a suit-case	чемодан
food	тағам (саналмайтын зат есім)
a shop	дүкен
to shop	сатып алу, дүкенге бару
<i>W. comb.</i> to go (out) shopping	дүкенге барып сатып алу
	to do some (one's) shopping сатып алу
<i>e. g.</i> Will you go shopping after breakfast?	
	Сіз таңғы астан кейін дүкенге барасыз ба?
	I've got some shopping to do this afternoon.
	Мен түс қафта біршама заттар сатып алуым керек.

an address	мекен-жай
a railway station	вокзал, теміржол стансасы
a taxi	такси
<i>W. comb.</i> to take a taxi	такси ұстау
to wait	күту
<i>Prep.</i> to wait for ...	біреуді күту
<i>e. g.</i> “Who are you waiting for ?”	- Сіз кімді күтіп тұрсыз?
“I am waiting for a friend.”	- Мен досымды күтіп тұрмын.
to be in a hurry	асығыста болу, бірдеңені асығыс жасау
<i>e. g.</i> He couldn't talk to all of us because he was in a hurry to leave.	
Ол біздің бәрімізбен сөйлесе алмады, асыға кетіп бара жатыр еді.	
You shouldn't do the work in a hurry .	
Сіз бұл жұмысты асығыс жасамауыңыз керек.	

Салыстырыңыз.

He is hurrying home.	Ол үйіне асығуда. (жылдам бара жатыр)
He is in a hurry to go home.	Ол үйіне асығуда. (Үйіне жеткенше асығулы)

to make breakfast (dinner, supper) таңғы ас (түскі, кешкі) дайындау.

to say good-bye (to) біреумен қоштасу

e. g. He **said good-bye to** us and hurried away (off).

Ол бізбен қоштасып жылдам кетіп қалды.

to wish тілеу

W. comb. to wish... **a pleasant** journey біреуге сәт сапар тілеу

e. g. He **wished** us all **a pleasant journey**.

Ол біздің барлығымызға сәт сапар тіледі.

Есте сақтаңыз.

I wish you a pleasant journey.	Мен сізге сәт апар тілеймін (ресми).
I hope you (will) have a pleasant journey.	Сіздерге сәт сапар тілеймін (ауызекі).

happy

e. g. They are **a happy** family.

I am **happy** to see you again.

бақыт, бақытты

Олар бақытты отбасы.

Сізді қайта көргеніме қуаныштымын.

Есте сақтаңыз.

Very happy to meet you.

Кездескенде:

Сізбен танысқанымға қуаныштымын.

I'm happy to have met you.

Қоштасқанда:

Сізбен танысқанымға қуанып қалдым.

It was nice meeting you.

Сізбен танысқаным жақсы болды.

by heart

жатқа білу, жаттау

wonderful

ғажайып, керемет

e. g. We had **wonderful** weather during the holidays.

Біздің демалысымыздың кезінде ауа райы керемет болды.

to go sightseeing (to see the sights)

көруге тұрарлық жерлерді аралау

e. g. Let's go **sightseeing** tomorrow.

Ертең қаланың көрікті жерлерін аралайық.

Have you **seen** all the **sights** here?

Сіз бұл жердің көрікті жерлерінің барлығын көріп болдыңыз ба?

a place of interest

көрікті жер

a palace

сарай (патшалар сарайы)

a monument

ескерткіш

Prep. a monument **to**...

(біреуге қойылған) ескерткіш

pity

аянышты, өкінішті

W. comb. That's a pity. (It's a pity.)

Өкінішті.

e. g. **It's a pity** you can't join us.

Сіздің бізбен бара алмайтыныңыз өкінішті-ақ.

Lesson 14

a story

W. comb. a short story

1. әңгіме

новелла, қысқаша әңгіме

2. әңгіме, тарих

e. g. We asked the old captain to tell us his **story**.

Қарт капитаннан бізге өз өмірі жайлы әңгімелеп беруін өтіндік.

a captain

W. comb. the captain of a ship

капитан

кеме капитаны

something

бір нәрсе, бірдеңе

a voyage

теңізбен саяхаттау (мұхитта...)

Prep. a voyage **to** Africa

Африкаға саяхат

W. comb. to make a voyage (to)

саяхатқа шығу

e. g. He's going **to make a voyage** to South America.

Ол Оңтүстік Америкаға саяхатқа шығайын деп жатыр.

(the) following

келесі, төменгі

e. g. He told us the **following** story. (= This is the story he told us.)

Ол бізге келесі әңгімені айтып берді. (Ол бізге былай деп әңгімелеп берді).

(a) mate

капитан көмекшісі

a ship

кеме

W. comb. to travel by ship

кемемен саяхатқа шығу, жүру

a steamer (= steamship)

пароход

such...that

осындай, сондай

strange

1. қызық, ғажап

W. comb. a strange thing (story, man)

қызық зат (әңгіме, адам)

2. танымайтын, бөгде

e. g. They spoke in a **strange** language. Олар бөгде тілде сөйлесті.

a stranger

1. бейтаныс

2. жат жерлік

e. g. I'm a **stranger** here.

Мен бұл жерде бейтаныспын.

to sleep (slept, slept)

ұйықтау

W. comb. to go to sleep

қалғу

e. g. I **slept** very badly last night.

Өткен түні өте жаман ұйықтадым.

I only **went to sleep** at four in the morning.

Мен таңғы сағат төртте ғана мызғып кеттім.

a voice

дауыс

Prep. **in** a loud (low) voice

қатты (жәй) дауыспен

an ear

құлақ

to sail

1. желкенмен жүру

2. жүзіп кету

e. g. We'll be **sailing** tomorrow.

Біз ертең жүзіп кетеміз.

sailor

теңізші

the North

солтүстік

the South

оңтүстік

the West

батыс

the East

шығыс

the Far East

қиыр шығыс

Prep. in the North (South, West, East) солтүстікте (оңтүстікте....)*e. g.* There are a lot of new cities **in the North of** our country.

Біздің елдің солтүстігінде көптеген жаңа қалалар бар.

Prep. to the north (south, west, east) **of**

солтүстігінде (оңтүстігінде, батысында, шығысында)

e. g. Kiev is **to the south - west of** Moscow.

Киев Мәскеудің оңтүстік - батысында орналасқан.

W. comb. to go (sail) north (south, west, east)

бару (қайықпен / кемемен) солтүстікке (оңтүстікке, батысқа, шығысқа)

Салыстырыңыз.The travelers went **north - east.**

Саяхатшылар солтүстік - шығысқа кетті.

a direction

бағыт

W. comb. in the direction of

бағытында

to find out (found out, found out) білу, түсіну*e. g.* We **found out** that he was away on holiday.

Біз оның демалыста екенін білдік.

to eat (ate, eaten)

жеу

Салыстырыңыз.I don't **eat** eggs. I don't like them.

Мен жұмыртқа жемеймін. Мен оны ұнатпаймын.

Don't **eat** so quickly.

Олай тез жеме.

Бірақ:

He **had** two eggs and a cup of coffee for breakfast.

Ол таңғы асқа екі жұмыртқа жеп бір шыны аяқ кофе ішті.

that's why

сондықтан

e. g. You read too much last night, **that's why** you couldn't go to sleep at once.

Сіз өткен түні өте көп оқыдыңыз, сондықтан тез ұйықтай алмадыңыз.

angry

ренішті, ашулы

Syn. cross

ренішті, ашулы

Gr. to be angry (cross) with smb.

біреуге ренжу, ашулану

Don't **be angry with** us.

Бізге ашуланбаңыз.

e. g. Why are you so **cross** with me?

Сіз маған неге ренжүлісіз?

sir

мырза

through

арқылы, арасынан

<i>e. g.</i> We saw them through the window.	Біз оларды терезеден көрдік.
<i>W. comb.</i> to look through	қарау, қарап шығу
<i>e. g.</i> When I came into the room, the director was looking through the telegrams.	Бөлмеге кіргенімде, директор жедел хаттарды қарап жатыр екен.
glasses (<i>pl</i>)	дүрбі
a boat	1. қайық 2. кеме
<i>Syn.</i> a ship (a steamship, a steamer)	қайық (кеме)
to save	құтқару
to reach	жету

Етістіктен кейін предлогтың болмайтындығына назар аударыңыз.

Біз түнде қалаға кеш жеттік.	We reached the town late at night.
------------------------------	---

to go on	жалғастыру
<i>Syn.</i> to continue	жалғастыру
<i>Gr.</i> to go on (continue) doing smth. (to do smth.)	(бірдеңені) жасауды жалғастыру
<i>e. g.</i> He went on reading. (= He continued reading.)	Ол оқуды жалғастырды.
<i>Prep.</i> to go on with smth.	бір нәрсені жалғастыру
<i>e. g.</i> You can go on with your work. (= You can continue your work.)	Сіз жұмысыңызды жалғастыра аласыз.
towards	... жаққа қарай
<i>Syn.</i> in the direction of <i>Lit.</i>	
<i>e. g.</i> He told us to go towards (= in the direction of) the station.	Ол бізге станцияға қарай жүріңіз деді.
aboard	кемеде, бортта
<i>W. comb.</i> to be aboard	әуеде болу
to go aboard	бортқа көтерілу
to take smth. aboard	бірдеңені бортқа көтеру
<i>e. g.</i> They went aboard (the ship).	Олар кемеге көтерілді.
suddenly	күтпеген жерден, кенеттен
<i>e. g.</i> The train stopped suddenly .	Поезд кенеттен тоқтады.
an eye	көз
to cry	1. жылау
<i>e. g.</i> Why is the child crying ?	Сәби неге жылап жатыр?
	2. айқайлау
<i>e. g.</i> “Come here,” he cried .	Ол “Кел мұнда,” - деп айқайлады.
<i>Syn.</i> to shout at smb.	біреуге айқайлау
<i>e. g.</i> Why was he shouting at John?	Ол неге Жонға айқайлап жатыр еді?
to cry out	айқайлау
<i>e. g.</i> “What a pity,” he cried out .	Ол “Қандай өкінішті,” - деп айқайлады.
loudly	қатты, көтеріңкі дауыспен
<i>e. g.</i> He said the last words very loudly (= in a loud voice).	Ол соңғы сөздерді өте қатты (көтеріңкі дауыспен) айтты.

to be pleased	қанағатты болу, риза болу
<i>Prep.</i> to be pleased with smb. (smth.)	біреуге (бірдеңеге) риза болу
<i>e. g.</i> I am pleased with you.	Мен сізге ризамын.
Pleased to meet you.	Сізбен кездескеніме қуаныштымын.
to order	1. бұйрық беру, бұйыру
<i>Gr.</i> to order smb. to do smth.	біреуге бір затты істе деп бұйрық беру

Салыстырыңыз.

The captain **ordered them to go aboard.**
Капитан оларға кемең бортына көтерілуге бұйрық берді.

<i>W. comb.</i> to order a new suit	2. тапсырыс беру
to order dinner	жаңа костюм тапсырыс беру
to be asleep	түскі асқа тапсырыс беру
<i>Syn.</i> to sleep	ұйықтау
<i>W. comb.</i> to be fast asleep	ұйықтау(ұйықтату), ұйықтап жату
of course	қатты ұйқыға кету
	әрине, әлбетте

Салыстырыңыз.

“Have you seen the new film yet?” - Сіз жаңа фильмді көрдіңіз бе?
 “**Of course** I have.” - Әрине
 “Can I use your pen?” - Сіздің қаламыңызды пайдалануға бола ма?
 “**Certainly.**” - Әрине

to be drowned	(суға) бату
record	1. рекорд 2. рекордтық

Lesson 15

a department	бөлімше	
<i>e. g.</i> There are several departments in this shop.		
	Бұл дүкенде көптеген бөлімше бар.	
a department store	эмбебап дүкен	
to buy (bought, bought)	сатып алу	
<i>e. g.</i> Please buy me a few exercise-books.		
	(= Please buy a few exercise-books for me.)	
	Өтінемін, маған бірнеше дәптер сатып алып беріңізші.	
to sell (sold, sold)	сату	
<i>e. g.</i> They sold us their piano. (= They sold their piano to us)		
	Олар бізге өздерінің пианиносын сатты.	
though	дегенмен, сөйтсе де	
early	1. ерте, ертерек (ерте піскен, т.б.)	
<i>e. g.</i> It's too early to go there.	Ол жерге баруға әлі ерте.	
	2. ерте, ерте келу, ертелету	
	Біз тым ерте келдік пе?	
	Have we come too early ?	
a customer	сатып алушы	
a counter	сөре, сатушының алдындағы стол	
to look round	қарағыштау, қарау	
to excuse	кешіру	
<i>e. g.</i> Excuse me.	Кешіріңіз, ғафу етіңіз.	
<i>e. g.</i> Excuse me, can I get to Kirov Street by the 16 bus?		
	Кешіріңіз, менің 16 - автобуспен Киров көшесіне баруыма бола ма?	
a shop-assistant	сатушы	
over there	анда, ана жерде	
<i>e. g.</i> I can see a nice table for two over there . Let's take it.		
	Мен анда екеумізге жақсы стол көріп тұрмын. Кел соны алайық.	
a pair	жұп	
boots	етіктер, етік	
a size	мөлшер, шама, көлем, өлшем	
<i>W. comb.</i> size 39 shoes	39 - мөлшерлі аяқ-киім	
size 8 gloves	8 - мөлшерлі қолғаптар	
two sizes too large (small)	екі өлшем (нөмір) үлкендеу	
<i>e. g.</i> I'm afraid it isn't my size .	Өкінішке орай бұл менің өлшемім емес.	
	Маған бір нөмір үлкендеуі керек.	
I want a size larger.		
warm	жылы, қалың	
<i>Ant.</i> cold	салқын	
<i>e. g.</i> It's warmer today than it was yesterday.		
	Бүгін кешегіге қарағанда жылырақ.	
one (ones)	бір, біреу	
outside	сыртта, көшеде, тыста	
<i>e. g.</i> Is it cold outside ?	Далада күн салқын ба?	
terrible	қорқынышты, жаман, өте	
terribly	сұмдық	

a foot	аяқ, табан
a leg	аяқ, балтыр
a hand	қол
an arm	қол (иықтан саусақтарға дейін)

Салыстырыңыз.

Оның қолында сумка бар еді.	She had a bag in her hand .
Ол сәбиді қолына алып келе жатты.	She had a baby in her arms .

suitable	ыңғайлы, жәйлі
<i>W. comb.</i> a suitable place (thing, day)	ыңғайлы орын (зат, күн)
<i>Gr.</i> to be suitable for smb. or smth.	
үйлесу, біреуге не әлдене үшін ыңғайлы болу	
<i>e. g.</i> Is this time suitable for you?	Бұл уақыт саған ыңғайлы ма?
to try on	киіп қарау, өлшеу
<i>e. g.</i> Let me try on that grey coat, please. (= Let me try it on .)	
Ана сұр пальтоны өлшеп көруге беріңізші.	
to feel (felt, felt)	1. сезіну (өзін) 2. сезіну, түйсіну
<i>Phr.</i> to feel comfortable	ыңғайлы болу (киім-кешекке айтылады)
<i>e. g.</i> “How do they (the shoes) feel ?”	Өзіңді онымен қалай сезінесің?
“Thank you, they feel quite comfortable .”	Рахмет, сондай жайлы екен.
Will you try this coat on?	Сіз мына пальтоны киіп көресіз бе?
Does it feel comfortable ?	Ол сізге ыңғайлы ма?
different	1. мұндай емес, басқа, ерекше
<i>e. g.</i> This pen isn't mine. Mine is quite different .	
Бұл қалам менікі емес. Менікі тіпті басқа.	
That's quite different .	Бұл мүлде басқа жағдай.
The brothers are more different than you think.	
Ағайындылар сіздер ойлағандағыдай емес, әжептәуір өзгешелеу.	
	2. әр түрлі
<i>e. g.</i> A department store sells very many different things.	
Әмбебап дүкенде әр түрлі көптеген заттар сатылады.	
<i>Syn.</i> various	әр түрлі, әр басқа
<i>W. comb.</i> various books	әр түрлі кітаптар
various people	әр түрлі адамдар
just	1. тек, әшейін
<i>e. g.</i> I don't want to buy anything. I'm just looking round.	
Мен ештеңе сатып алайын деп тұрған жоқпын. Мен тек қарап тұрмын.	
<i>e. g.</i> Just a minute, please.	Бір сәтке күте тұрыңыз!
<i>e. g.</i> He has just gone out.	Ол жаңа ғана шығып кетті.
<i>e. g.</i> I'm just coming.	Мен жаңа ғана келе жатырмын.
a moment	бір сәт, мезет

<i>e. g.</i> Please wait a moment .	Бір сәт ғана күтші.
Sorry I can't see you, I'm busy at the moment .	Кешіріңіз, мен сізді қабылдай алмаймын, кәзір бос емеспін.
At that moment he stopped.	Осы сәтте ол тоқтады.
lucky	бақытты, жолы болғыш
<i>Gr.</i> to be lucky	бақытты болу, жолы болу
<i>e. g.</i> I hope we'll be lucky .	Біздің жолымыз болар деп үміттенемін.
You were lucky enough to get tickets.	Жолыңыз болған екен, билет тауып алыпсыз.
lovely	әдемі, тамаша, таң қаларлықтай
expensive	қымбат
<i>Ant.</i> cheap	арзан
<i>Syn.</i> dear	1. қымбатты 2. сүйікті

Салыстырыңыз.

This dress is too **dear** (= **expensive**) for me. Мына көйлек маған өте қымбат.
 This is an **expensive** suit. Бұл қымбат костюм.
Expensive бір нәрсенің құнын білдіреді.
 Көбінесе зат есімге анықтауыш болады.
Dear қымбат деген сөз, етістіктің құрамында келеді.

to matter	маңызды болу
<i>e. g.</i> It (that) doesn't matter (to me).	Мұның маңызы жоқ, бәрібір.
How much is it?	Бұл қанша тұрады? (баға)
to pay (paid, paid)	төлеу
<i>e. g.</i> How much did you pay for these shoes?	Бұл аяқ-киімге қанша төледіңіз?
cash-desk	касса
inside	ішкі, іште
<i>Ant.</i> outside	сыртта, сыртынан
<i>e. g.</i> The children are still outside .	Балалар әлі сыртта.
a glove	қолғап
along	бірге, өзімен бірге
<i>W. comb.</i> to go (come) along with smb.	біреумен бірге жүру
<i>e. g.</i> "Please let me go along with you ."	- Сізбен бірге жүруге рұқсат етіңізші..
"Certainly. Come along ".	- Әрине, жүріңіз.
<i>W. comb.</i> along a street (river)	көшемен (өзенмен)
dark	қараңғы
<i>W. comb.</i> dark-brown	қара қоңыр
dark-blue	қара көк
dark-green	қою жасыл
to match	бір нәрсеге сай болу

e. g. Your gloves **match** your hat. Сөнің қолғабың бас-киіміңе сай екен.
I want a tie to **match** my suit. Маған костюмыма сай галстук қажет.
She had a blue suit on, with a bag and shoes to **match**.
Ол көк костюміне сай сумка мен аяқ-киім киген екен.

a watch

сағат

rather

жарар, бір шама

e. g. It's **rather** cold here.

Бұл жер бір шама салқын.

He did **rather** badly in his exam.

Ол емтиханды бір шама жаман тапсырды.

This is a **rather** good book. I think you'll like it.

Бұл шамамен жақсы кітап. Меніңше ол саған ұнайды.

late

1. кеш, кешірек

Ant. early

ерте, ерте болу

e. g. It's better to be too early than too **late**.

Тым кешіккеннен тым ерте барған артық.

Prep. to be late for (to)

бір жақтан кешігу

e. g. Nick **was late for (to)** classes yesterday. Ник кеше сабаққа кешікті.

2. кеш (үстеу)

e. g. Better **late** than never.

Ештен кеш жақсы.

quickly

тез, шапшаң

Ant. slowly

жай, ақырын

Syn. fast

тез

W. comb. to speak fast

тез сөйлеу

Lesson 16

usual

W. comb. than usual
as usual

кәдімгі, күнделікті
кәдімгіден гөрі
кәдімгідей, қашанғысындай

an airport

әуежай

(the) same

сол, соның өзі

W. comb. the same book (story, city, man, etc.)

Тап сол, бірдей, сол кітаптың өзі (әңгіме, қала, адам т.б.)

e. g. Fred and I left Moscow **on the same day**.

Фред екеуіміз Мәскеуден тап сол күні шықтық.

Phr. all the same

бәрібір

e. g. “Would you like to go to the theatre or to the cinema?”

- Сіздің театрға барғыңыз келе ме әлде киноға?

“It’s **all the same** to me.”

- Маған бәрібір.

(a) part

бөлім

e. g. Did you like the second **part** of this book?

Сізге бұл кітаптың екінші бөлімі ұнады ма?

I only did **part** of the work yesterday.

Мен кеше жұмыстың бір бөлігін ғана істедім.

W. comb. to take part in smth.

қатысу, бір нәрсеге қатысу

e. g. Will you **take part** in the discussion? Сіз талқылауға қатысасыз ба?

to invite

шақыру

e. g. I **invited** a lot of my friends to dinner on Sunday.

Мен жексенбі күнгі түскі асқа біраз досымды шақырдым.

an invitation

шақыру, үндеу

to mind

қарсы болу, келіспеу

e. g. Do you **mind** if I smoke? (=Do you **mind** my smoking?)

Мен темекі шексем сіз қарсы болмайсыз ба?

I don’t **mind** if you come at 12.

Сіздің сағат 12-де келгеніңізге қарсы емеспін.

Phr. **Would you mind** (doing smth.?) қарсы болмау (бір нәрсе істеуге)

e. g. **Would you mind** opening the window?

Терезені ашсақ қарсы болмайсыз ба?

air

ауа

W. comb. in the open air (=out - of - doors)

ашық ауада, ашық аспанда, таза ауада (үйде емес)

e. g. You should spend more time **in the open air** (out - of - doors).

Сіз уақыттың көбін таза ауада өткізуіңіз керек.

Prep. (to travel) **by air**

ұшақпен (қыдыру)

fresh

жас, жаңа

W. comb. fresh air

таза ауа

a fresh newspaper

жаңа шыққан газет

fresh bread (meat, etc.)

жаңа піскен нан (ет, т. т.)

the sky

аспан

Prep. **in the sky**

аспанда, аспанға

<i>e. g.</i> The sun was shining in the blue sky .	Көк аспанда күн жарқырады.
to shine (shone)	жарқырау, шұғыла шашу
rain	жаңбыр
to rain	жаңбыр жауу
hot	ыстық
<i>e. g.</i> It's too hot in here.	Бұл жер тым ыстық.
I like my food hot .	
Мен тағамның ыстық болғанын ұнатамын.	
to start	1. жол жүру, аттану
<i>e. g.</i> We must start early.	Біздің ерте аттануымыз керек.
At last the train started .	Ақыры пойыз қозғалды.
<i>Prep.</i> to start off	жол жүру, кету
<i>e. g.</i> We started off after breakfast.	Біз таңғы астан кейін жолға шықтық.
	2. бастау
<i>e. g.</i> We must start work at once .	
Біздің жұмысты дәл кәзір бастауымыз керек.	
The girl started crying (to cry).	Қыз жылай бастады.
may	мүмкін
<i>e. g.</i> He may come or he may not.	Оның келуі де, келмеуі де мүмкін.
They may still be here.	Олар мүмкін әлі де осында шығар.
a driver	жүргізуші
to drive (drove, driven)	жүргізу
<i>W. comb.</i> to drive a car	көлік жүргізу
a plane	ұшақ
<i>Prep.</i> by plane	ұшақпен
<i>e. g.</i> I'll be going to Moscow by plane .	Мен Мәскеуге ұшақпен ұшамын.
to land	қону, келу
a passenger	жолаушы
to get on	отыру, кіру, міну
to get off	түсу, шығу
to get into	отыру, міну
to get out of	шығу, түсу
a group	топ
funny	қызықты, күлкілі
<i>W. comb.</i> a funny story (film, etc.)	күлкілі әңгіме(кино т.б.)
to look funny	күлкілі, қызықты көріну
to have smth. on	бір нәрсені кию
<i>e. g.</i> She had a beautiful dress on .	Ол әдемі көйлек киген екен.
to put on smth.	кию, кигізу
<i>e. g.</i> It's cold outside (out - of - doors). Put on your warm coat.	
Дала суық. Жылы пальтоыңызды киіңіз.	
clothes	киімдер

Салыстырыңыз.

All our warm **clothes** are in that room, aren't they?
Біздің барлық жылы киімдеріміз ана бөлмеде ғой, ә?

old man	қарт, қария (қаратпа есебінде айтылады)
a bit	азғантай
to agree	келісу, көну
<i>Prep.</i> to agree with smb.	біреумен келісу
<i>e. g.</i> I don't quite agree with you.	Мен сізбен тіпті келіспеймін.
to laugh	күлу
<i>Prep.</i> to laugh at smth.(smb.)	бір нәрсеге күлу (біреуге)
<i>e. g.</i> What are you laughing at?	Сіз неге күлесіз?
snow	қар
to snow	қар жауу
a degree	градус
frost	аяз
to believe	сену
<i>e. g.</i> They didn't believe him.	Олар оған сенген жоқ.
almost	дерлік, айтарлықтай
<i>e. g.</i> It's almost dark outside.	Дала айтарлықтай қараңғы.
below zero	нөлден төмен
let alone	айтпағанда
<i>e. g.</i> John has no time for a journey to France, let alone the money.	Джонның Францияға жүруге ақшаны айтпағанда уақыты да жоқ.
the biting winds	өткір жел
to take off	шешу, сыпыру
<i>Ant.</i> to put on smth.	кию, кигізу
<i>e. g.</i> You can take off your coat. It's warm in here.	Сіз пальтоңізді шеше аласыз. Бұл жер жылы.
to be sure	сенімді болу
<i>e. g.</i> He's sure they will be coming soon.	Ол олардың жақында келетініне сенімді.
<i>Prep.</i> to be sure of smth.	бір нәрсеге сенімді болу.
<i>e. g.</i> He is right. I'm quite sure of it.	Онікі дұрыс. Мен бұған нақты сенімдімін.
a heart	жүрек
heartily	жүректен
a season	жыл мезгілі
to go boating	қайықпен серуендеу
fruit	жеміс-жидек
to enjoy	рашаттану, бір нәрседен ләззат алу
<i>e. g.</i> Are you enjoying your journey?	Сапарыңыз сізге қатты ұнай ма?

Lesson 17

short for	қысқартылған түрі
to be situated	орналасу, орналасқан болу
<i>e. g.</i> The village is situated in a very beautiful place.	
Ауыл өте әдемі жерде орналасқан.	
an island	арал
to call	атау
<i>e. g.</i> What d'you call ...?	Қалай аталады?
to consist	құралу, тұру
<i>Prep.</i> to consist of smth.	бірденеден құралу, тұру
<i>e. g.</i> The novel consists of three parts.	Роман үш бөлімнен тұрады.
independent (of)	тәуелсіз (біреуден, бірденеден)
to wash	шаю, жуу
an ocean	мұхит
between	арасында (екі нәрсенің), аралық
<i>e. g.</i> The Mediterranean sea is between Europe and Africa.	
Жерорта теңізі Европа мен Африканың арасында орналасқан.	
to travel	1. саяхаттау
<i>Prep.</i> to travel about a country	бір елге саяхат жасау
	2. жүру
to travel by plane (by air, by ship)	ұшақпен саяхат (әуе, кеме)
to travel on business	жұмыс бабымен жүру
to travel for pleasure	демалу үшін саяхаттау
to pass through	жүріп өту, кесіп өту
a continent	құрлық
<i>Art.</i> the continent	құрлық
train	пойыз
<i>Prep.</i> by train	пойызбен
to cross	кесіп өту, қасынан өту (көлікпен)
<i>W. com.</i> to cross a country	бір елді кесіп өту
to cross a street	көшені кесіп өту
to fly (flew, flown)	ұшу
<i>Prep.</i> to fly over	үстінен ұшып өту
to fly across	бір нәрсенің (ұшақ, құс т.б.) ұшып өтуі
a mountain	тау
<i>W. com.</i> a mountain chain	тау тізбегі
famous	атақты, танымал
<i>Gr. Prep.</i> to be famous for	бір нәрсемен аты шыққан
<i>e. g.</i> Finland is famous for its lakes.	Финландия өзінің көлдерімен танымал.
a lake	көл
deep	терең , тұңғиық
highly developed	жоғары деңгейде дамыған
to export	экспортқа шығару
machinery	машина, машинаның құралдары
a vessel	кеме

a motor	мотор, қозғалтқыш
goods (pl. goods)	тауар
main	негізгі, басты
an industry	өнеркәсіп, өнеркәсіптің саласы
textile	тоқыма
food products	тамақ өнімдері
raw materials	шикі заттар
world	әлем, дүние, ғалам
including	ішінде, қоса алғанда

Lesson 18

youth	жастар, жастық
great	ұлы, үлкен
popular	әйгілі, белгілі
<i>Gr. Prep.</i> to be popular with smb.	өзінің әйгілі екендігін пайдалану
<i>e. g.</i> Professor N. is popular with the students.	
	Профессор Н. студенттерінің өзіне деген ықыласын пайдаланады.
a novelist	жазушы, новелла жазушы
noisy	шулы
a noise	у-шу
<i>W. com.</i> to make a noise	шулау, шу шығару
<i>e. g.</i> The children are making so much noise that I can't work here.	
	Балалардың сонша у-шуынан мен мұнда жұмыс жасай алмаймын.
a game	ойын
clever	бейім, бейімделгіш, қабілетті, зерек
<i>e. g.</i> Ann is a clever girl. She's doing very well at school.	
	Анна қабілетті қыз. Ол мектепте жақсы оқиды.
<i>Gr. Prep.</i> to be clever (good) at smth. (doing smth.)	бір нәрсеге бейім болу
<i>e. g.</i> He's clever (good) at foreign languages.	Оның шетел тілдеріне бейімі бар.
an age	жас
<i>Prep.</i> at the age of... жаста
<i>e. g.</i> Many children begin reading at the age of five or six.	
	Көптеген балалар бес-алты жасында оқи бастайды.
<i>W. com.</i> at an early age	ерте жастан
<i>e. g.</i> Mozart began playing the piano at an early age .	
	Моцарт рояльда ерте жастан ойнай бастады.
a play	қойылым, спектакль, пьеса
own	жеке, өзінікі, өзінің
<i>e. g.</i> I saw it with my own eyes.	Мен мұны өз көзіммен көрдім.
to perform	ойнау, орындау (пьесада)
<i>W. com.</i> to perform a play	пьесаны ойнау
a performance	қойылым, пьеса, спектакль
to move	1. қозғалу
<i>e. g.</i> The train was moving very slowly.	Пойыз өте жәй қозғалды.
	2. көшу, қоныс аудару
<i>e. g.</i> In 1978 our family moved to Leningrad.	
	Біздің жанұямыз 1978 жылы Ленинградқа көшті.
besides	одан басқа, бұған қоса
<i>e. g.</i> In order to know English well you should read a lot besides your text-book.	
	Сіздің ағылшын тілін жақсы білу үшін, оқулыққа қоса көп оқуіңіз керек.
to go to smb.	біреуге бару
<i>Prep.</i> to go to smb. for smth.	біреуге бір шаруамен бару
<i>e. g.</i> I often go to Peter for help when I can't do my work alone.	
	Мен жұмысымды өзім орындай алмаған кезде Петрге жиі барамын.
money	ақша

Салыстырыңыз.

“Where **is** the **money**?” “**It’s** on the writing-table.”

- Ақша қайда жатыр? - Ол жазу столінің үстінде.

Did you spend **much money** on books last week?

Сендер өткен аптада кітапқа көп ақша жұмсадыңдар ма?

except

қоспағанда, одан (бұдан) басқа

Syn. but

басқа

e.g. I enjoyed all the stories in this book **except** (but) the last one.

Маған соңғысынан басқа мына кітаптағы барлық әңгімелер ұнады.

I’ve spoken to everybody **but** him. Мен одан басқа барлығымен сөйлестім.

a debt

қарыз, бережақ

W. com. to be in debt to smb.

біреуге қарыз (бережақ) болу

to pay one’s debts

біреуге қарызын төлеу, борыштан құтылу

a debtor

қарыздар

The Marshalsea Debtors’ Prison

қарыздарға арналған Маршалси түрмесі

nearly

жуық, жақын, дерлік, шамамен

e. g. It’s **nearly** ten o’clock.

Сағат онға жақын.

Салыстырыңыз.

She’s **nearly** ninety.

Оның жасы тоқсанға жақын.

She’s **about** forty.

Ол қырықтың шамасында.

schooling

мектепте оқу, білім алу

to earn

ақша табу

Phr. to earn one’s living

өмір сүру үшін ақша табу

a trade

көлөнер, кәсіп

ambition

арман, талпыну, бір нәрсе істеуге талпыну

W. com. to realize one’s ambitions

өз арманын жүзеге асыру

well-educated

жақсы білім алған, білімді

a way

жол, сапар

W. com. on one’s way

жолда, жолай, жолшыбай

e. g. I met an old friend of yours **on my way** home yesterday.

Мен кеше үйге қайтар жолымда сенің ескі досыңды көрдім.

Phr. in this way

осылайша, осы жолмен

e. g. My brother often goes to museums and picture galleries and **in this way** he learns a lot.

Ағам мұражайлар мен сурет галереяларына жиі барады, осылайша көп нәрселер үйренеді.

<i>Phr.</i> by the way	айтпақшы, біле білсең
<i>e. g.</i> By the way , won't your brother join us?	
	Айтпақшы ағаңның бізбен бірге жүргісі келмей ме?
education	білім, сауат
<i>W. com.</i> a higher education	жоғары білім
<i>e. g.</i> He received a good education .	Ол жақсы білім алды.
to describe	сипаттау, суреттеу

Назар аударыңыз.

“to describe” етістігінен кейін сөйлемде үнемі “to” демеулігі қолданылады:

Describe the man **to** me. Ол кісіні маған сипаттап бер.

Describe to me the man who saved you.
Маған сізді құтқарған кісіні сипаттап бер.

a description	сипаттама, анықтама
<i>W. com.</i> to give a description of smth.	бір нәрсеге сипаттама беру, сипаттау
<i>e. g.</i> Can you give me a description of the thing?	
	Сіз маған ол затты сипаттап бере аласыз ба?
a novel	роман
among	арасында (көптің), қатарында, арасында
<i>e. g.</i> He was among friends.	Ол достарының арасында еді.
<i>e. g.</i> The Volga is among the longest rivers in the world.	
	Волга әлемдегі ең ұзын өзендердің қатарына жатады.
to die (died, died)	қайтыс болу, өлу
<i>e. g.</i> My father died when I was a child.	Бала кезімде әкем қайтыс болған.

Lesson 19

to happen

e. g. It **happened** ten years ago.

Syn. to take **place**

e. g. When did this **take place**?

Prep. to happen **to** smb.

e. g. She asked whether anything had happened **to** him.

Ол оған бірдеңе болып қалды ма деп сұрады.

өту, болу, (жағдай, іс-әрекет) ұшырау

Бұл осыдан он жыл бұрын болған еді.

болу, өту

Бұл қашан болған?

біреуге бір нәрсе болу, бір нәрсеге ұшырау

Салыстырыңыз.

Did anything **happen to** him? Why didn't he come?

Оған бір нәрсе болды ма? Ол неге келмеді?

What's happened to you today? You're making a lot of mistakes.

Бүгін сізге не болған? Сіз көп қателесіп отырсыз.

What's the matter with you? You're very pale.

Сізге не болды? Қатты бозарып кетіпсіз.

What's wrong with your watch?

Сіздің сағатыңызға не болды?

war

Ant. peace

Prep. **at** war

at peace

e. g. We want to live **at peace** with other peoples.

Біз басқа халықтармен бейбітшілікте өмір сүргіміз келеді.

W. comb. the Great Patriotic War = the Second World War

(= World War II "Two")

Ұлы Отан Соғысы = Екінші Дүниежүзілік Соғыс

to fight (fought, fought)

күресу, соғысу, алысу

Prep. to fight **against** smb. (smth.) **for** smth.

біреуге қарсы күресу (бір нәрсеге) бір нәрсе үшін соғысу

e. g. The peoples of the world **fight for** peace **against** war.

Әлем халықтары соғысқа қарсы бейбітшілік үшін күреседі.

a fascist

фашист

to defend

қорғау, қорған болу, ара түсу

Prep. to defend smth. (smb.) **from** smth. (smb.)

бір нәрсені (біреуді) бір нәрседен (біреуден) қорғау

e. g. In 1812 the Russian people **defended** their country **from** the French army.

1812 жылы орыс халқы өзінің Отанын Француз армиясынан қорғады.

freedom

бостандық, еркіндік

independence

тәуелсіздік

(the) front

майдан, шеп

<i>W. comb.</i> on the front	фронтта, майданда
one day	бір күні, бірде
fierce	қатал, қырғын (соғыс)
a battle	шайқас, күрес, қырылыс
<i>W. comb.</i> a fierce battle	қанды шайқас, соғыс
an army	армия (әскер)
<i>W. comb.</i> The Soviet Army	Кеңес Армиясы
The Red Army	Қызыл Әскер
to defeat	жеңу, жеңіске жету
<i>e. g.</i> In January and February 1944 the Soviet Army defeated the German fascists at Leningrad and Novgorod.	
1944 жылдың қаңтар және ақпан айларында Кеңес армиясы Ленинград және Новгород қалаларында неміс фашистеріне соққы берді.	
an enemy	жау, қас
a unit	бөлім (әскери)
to liberate	босату, азат ету
liberation	бостандық беру
at first	әуелі, алғашқы уақыты, алдымен
first	алдымен, біріншіден
<i>Phr.</i> first of all	бәрінен бұрын

Салыстырыңыз.

At first we didn't like him, but when we got to know him better, we became great friends.
 Ол басында бізге ұнаған жоқ, бірақ біз оны жақсы білгеннен кейін жақын дос болып кеттік.

First you must finish reading the article, then begin to translate it.
 Сіз алдымен мақаланы соңына дейін оқып алып, кейін аудару бастауыңыз керек.

to turn round	кері бұрылу, айналу
<i>e. g.</i> Somebody called out to me, I turned round and saw an old friend.	
Біреу мені шақырып еді, бұрылып артыма қарасам, ескі достарымның бірін көрдім.	
to turn back	кері бұрылу, оралу
to turn on (the light, the water, the gas, etc.)	қосу, жағу (жарықты, суды, газ және т.б.)
to turn off	өшіру, сөндіру, жабу
pale	боп-боз, бозарған
<i>W. comb.</i> to turn pale	бозару
to be (look) pale	боп-боз болып көріну
to kill	өлтіру
<i>e. g.</i> to kill two birds with one stone	

Екі құсты бір таспен өлтіру (екі қоянды бір оқпен ату)
Gr. to be killed өлтірілу, өлу

e. g. He **was killed** in a train accident.

Ол теміржол апатынан қайтыс болды.

a soldier солдат, әскер

an officer офицер (шен)

to realize түсіну, сезіну

Syn. to understand (understood, understood) түсіну

Салыстырыңыз.

Do you **understand** my question? Сіз менің сұрағымды түсініп отырсыз ба?

I **realized** that everybody was looking at me.

Мен барлығы маған қарап отырғандығын түсіндім.

I don't **understand** what he's talking about.

Мен оның не туралы айтып жатырғанын түсініп отырған жоқпын.

When he **realized** what had happened, he was sorry.

Ол не болғанын түсінгеннен кейін өкінді.

to keep (kept, kept)

1. ұстау, сақтау, сақтап қою

e. g. How long can I **keep** your book?

Сіздің кітабыңызды қанша уақыт ұстай аламын?

He usually **keeps** old letters. Ол әдетте ескі хаттарды сақтап жүреді.

2. (сөзін) ұстау, ұстап тұру

W. comb. to keep one's word (promise) сөзінде, уәдесінде тұру

e. g. Does he always **keep his promise**? Ол өзінің уәдесін қашан да орындай ма?

e. g. I won't **keep** you long. Мен сізді ұзақ ұстамаймын.

W. comb. to keep smb. waiting біреуді күттіріп қою

e. g. I am terribly sorry I've kept you waiting (so long).

Сізді мұнша ұзақ күттіріп қойғаным үшін кешірім сұраймын.

no more артық керек емес

e. g. "Another cup of tea?" - Тағы бір шыны аяқ шай ішесіз бе?

"No more, thank you." - Жоқ, рахмет. (Тағы шай керек емес.)

I don't want any more ice-cream. Менің артық балмұздақ жегім келмейді.

Syn. no longer (= not any longer) енді ұзаққа, мұнан ұзаққа

e. g. I won't stay here **any longer (any more)**.

Мен мұнда енді бұдан ұзақ қалмаймын.

a delegation делегация

unexpected кенеттен, күтпеген жерден

e. g. It was quite **unexpected**. Бұл кенеттен болған оқиға.

position позиция, орын, шеп

an advance алға басу, жылжу, шабуыл

The May Day Civil parade Бірінші Мамыр шеруі

named есімі, аталған, атындағы, атты

Syn. called

e. g. There was a man among us named (called) Peter Smith.

Біздің арамызда Питер Смит атты адам бар еді.

to smile

күлу, жымию

Prep. to smile at smb.

біреуге жымию

to make up one's mind

шешу, шешім қабылдау

Syn. to decide

шешу, шешімге келу

e. g. Have you **made up your mind** yet what to do in the summer?

Сіз жазда не істейтініңізді шештіңіз бе?

He **made up his mind** to go to the Institute of Foreign Languages.

Ол Шет Тілдері Институтына түсемін деп шешті.

Gr. We **made up our minds** to

Біз ... деп шештік

to change one's mind

қайта ойлау, шешімді өзгерту

e. g. He intended to go to this Institute at first, but then **changed his mind**.

Алдымен ол осы институтқа түскісі келді, бірақ кейін ойланып қалды.

to be delighted

өте қуанышты болу, көңілден шығу, риза болу

e. g. I'm delighted to see you.

Мен сізді көргеніме өте қуаныштымын.

"Would you like to join us?"

- Бізбен бірге барғыңыз келе ме?

"I'd be delighted."

Қуана-қуана.

exact

дәл

e. g. I want an **exact** translation of the word.

Маған бұл сөздің дәл аудармасы керек.

exactly

1. дәл, тура 2. дәл (уақыт)

e. g. That's exactly what we want.

Бізге дәл керегі - осы.

I got home at exactly five.

Мен дәл сағат бесте үйге жеттім.

to knock

соғу, қағу

Prep. to knock at the door

есік қағу

to introduce

таныстыру, алдына әкелу

Салыстырыңыз.

He **introduced** me to his friends.

"This is my wife."

"How do you do."

Ол мені өзінің достарымен таныстырды.

Танысып қойыңыз менің әйеліммен.

Сәлеметсіз бе.

a guest

қонақ

a host

үй иесі, қожайыны

a hostess

үй иесі (әйел адам)

a party

қонақ күту, той

W. comb. a dinner party

түскі қонақ күту, атаулы қонақасы

a housewarming party

жаңа үйге кіргенде берілетін той, кеш

to give a party

той жасау, кеш ұйымдастыру

to dance

билеу

a dance	би
<i>e. g.</i> “Can I have the next dance?”	Сізді келесі биге шақыруыма бола ма?
“Certainly” (or “Thank you.”)	Әрине! Рахмет!
to joke	әзілдеу
<i>e. g.</i> I was only joking with them.	Мен олармен жәй ғана әзілдестім.
to sing (sang, sung)	ән салу
singer	әнші
a song	ән
to appear	пайда болу, шығу, көріну
<i>Ant. to disappear</i>	жоқ болу, көзден ғайып болу
really	расында да, шынымен де
<i>e. g.</i> Is that really so?	Бұл шынымен де осылай ма?
to interrupt	айыру, біреудің сөзін бөлу
<i>e. g.</i> Excuse me for interrupting you.	Сөзіңізді сөзді бөлгенімді кешіріңіз.
elder	үлкені (бір отбасында), тұңғышы
<i>W. comb.</i> an (one’s) elder brother (sister)	үлкен ағасы (апасы)
for ages	тұтас ғасыр, мәңгілік
(the) New Year	Жаңа Жыл
<i>W. comb.</i> New Year’s Eve	Жаңа Жыл қарсаңында
to see the New year in	Жаңа Жылды қарсы алу
to have a New Year party	Жаңа Жылға мереке жасау
heavy	ауыр
<i>Ant.</i> light	жеңіл
<i>W. comb.</i> a heavy box (bag, etc.)	ауыр қорап (сумка, т.б.)
a heavy smoker	құмарпаз шылымқор
wine	шарап
a glass	рюмка, стакан
empty	бос
<i>Ant.</i> full	толы, толық
<i>e. g.</i> The room was full of people.	Бөлменің іші халыққа толы еді.
Cheers!	Сіздің денсаулығыңыз үшін!

Lesson 20

an incident

оқиға, жанжал

Салыстырыңыз.

Бұл өте қызықты оқиға болды. It was a very interesting **incident**.

Өткен аптада мен ғажап оқиғаға тап болдым.

A strange **thing** happened to me last week.

Маған қызықты оқиға кезікті. **Something** interesting happened to me.

a revolutionary

төңкерісшіл

only

дара, жалғыз, тек қана

e. g. I think he's the only doctor in our town who can help your mother.

Мен біздің қалада сіздің анаңызға көмектесе алатын тек қана осы дәрігер деп ойлаймын.

Are you an only child, or have you got brothers and sisters?

Сіз жалғыз баласыз ба, әлде аға апаларыңыз бар ма?

struggle

күрес

to grow (grew, grown)

1. өсу, өсіру 2. болу

Syn. to get

болу, айналу

to become

болу

e. g. He's **growing (getting)** old.

Ол қартайып бара жатыр.

It's **growing (getting)** dark.

Қараңғы түсіп бара жатыр.

The days are **getting** longer and longer.

Күндер барған сайын ұзарып бара жатыр.

He's **getting** better.

Ол жақсарып келе жатыр.

Everybody expects him to **become** a doctor.

Барлығы ол дәрігер болады деп күтуде.

The place has **become** quite famous. Бұл жер атақты болып табылады.

on the one hand ... on the other hand ... бір жағынан... басқа жағынан

e. g. **On the one hand** you're right, but **on the other (hand)** he is, too.

Бір жағынан сіздікі дұрыс, ал бір жағынан оныкі де дұрыс.

Бірақ:

There were trees **on all sides**, no houses.

Айнала ағашқа толы, бір де бір үй жоқ.

a dentist

тіс дәрігері

a waiting-room

қабылдау бөлмесі

secret

құпия

a patient

емделуші

to expect

күту, болжау, есептеу

e. g. Do you **expect** (to see) them today? Сіз оларды бүгін күтесіз бе?

Nobody **expected** him to leave so soon.

Ешкім ол мұнша тез кетеді ғой деп күткен жоқ.

to mean (meant, meant)

1. аталу, мағына беру

e. g. What does this word **mean**?

Бұл сөз қандай мағынаны білдіреді?

2. есте ұстау, білу

e. g. I have no idea what you **mean**.

Мен сіздің осымен не айтқыңыз келіп отырғанын түсінбедім.

What do you **mean** by that (by saying that)?

Сіз бұл сөздеріңізбен не айтқыңыз келіп тұр?

a meaning

мағына

e. g. This word has several **meanings**. Бұл сөздің бірнеше мағынасы бар.

each other

бір-бірімен, бір-біріне

Syn. one another

бір-бірінен

e. g. The students in our group always speak English to **each other** (to one another).

Біздің топтың студенттері әрқашан да бір-бірімен ағылшынша сөйлеседі.

to remind

есіне салу

Prep. to remind smb. **about** smth. (= to remind smb. to do smth.)

біреудің есіне бір нәрсені, біреуді салу

to remind smb. **of** smth.

біреудің бір нәрсені есіне түсіру

e. g. Will you **remind him about** his promise?

Оның берген уәдесін есіне түсіріңізші.

This song **reminds me of** my childhood.

Бұл ән менің балалық шағымды есіме түсіреді.

Gr. to remind smb. that ...

бір нәрсені біреудің есіне салу

e. g. I must **remind him that** he promised to ring you up.

Оның сізге телефон соғамын деген уәдесін мен есіне салуым керек.

to accompany

шығарып салу, ертіп жүру

Syn. to see smb. to

біреуді ... дейін шығарып салу

Салыстырыңыз.

They **accompanied** us home (to the theatre).

Олар бізді үйге шығарып салды (театрға).

(Барды және мүмкін бізбен бірге қалды)

They **saw** us home (to the theatre). Олар бізді үйге шығарып салды.

(Орынға дейін әкеліп тастады бірақ бізбен қалмады)

They came **to see us off**.

Олар бізді шығарып салу үшін келді.

(Біздің кетер алдымызда вокзалда қоштасу үшін)

a surgery

дәрігер бөлмесі

to pretend

алдау, басқаша көріну, ... болып көріну

e. g. He **pretended** to be asleep.

Ол ұйықтап жатқан болып көрінді.

He **pretended** to know nothing about it.

(= He **pretended** that he knew nothing about it.)

Ол бұл туралы ештеңе білмеген сыңай танытты.

a turn

кезек

W. comb. in turn

кезекпен

to wait one's turn

өз кезегін күту, өз кезегімен (бірдеңе істеу)

a queue

сап (күтіп тұрған адамдар кезегі)

<i>W. comb.</i> a long queue	ұзын сап / кезек
to wait (stand) in a queue	сапта тұру
<i>Coll.</i> to jump a queue	кезексіз кіріп кету
to try	талпыну, ұмтылу, тырысу
<i>W. comb.</i> to try hard	қатты тырысу
a maid	үй жинаушы әйел
next to (smb.)	жанында, қасында
<i>e. g.</i> He was sitting next to me.	Ол менің қасымда отырды.
Бірақ:	
They live next door to us.	Олар біздің қасымызда тұрады.
a tooth (pl. teeth)	тіс
<i>W. comb.</i> a bad tooth	ауру тіс
toothache	тіс ауруы
a bad toothache	қатты тіс ауруы
a head	бас
a headache	бас ауруы

Салыстырыңыз.

I've got toothache.	Менің тісім ауырып тұр.
I've got a headache.	Менің басым ауырып тұр.
I've got a bad toothache.	Менің тістерім қатты ауырады.
I've got a bad headache.	Менің басым қатты ауырып тұр.

however	дегенмен, сонда да
clear	түсінікті, анық
<i>Prep.</i> to be clear to smb.	біреуге түсінікті болу
<i>e. g.</i> Is everything clear to you?	Сізге бәрі түсінікті ме?
clearly	түсінікті
a spy	жансыз, шпион
the police	полиция
<i>e. g.</i> The police were after him.	Полиция оның соңына түсті.
a policeman	полиция
real	нағыз, шын
<i>e. g.</i> What's his real name?	Оның шын аты кім?
to seem	көріну
<i>Gr.</i> to seem to be (to know)	солай болып көріну
<i>e. g.</i> He seems to be ill.	Ол ауырып тұрған сияқты.
They seem to know a lot.	Олар көрініп тұрғандай көп білетін сияқты.
Бірақ:	
I don't think you are right.	Меніңше, сіздікі дұрыс емес сияқты.
joy	қуаныш
polite	сыпайы, сүйкімді
<i>Ant.</i> impolite	сүйкімсіз, дөрекі

politely	сыпайы
since	-тан, -тен, -дан, -ден, -ғын, -гін
to watch smb. (smth.)	біреуді аңду, бақылау
<i>e. g.</i> Are you going to play or only watch the game?	
Сіз ойнайын деп жатырсыз ба әлде тек ойынды қарайсыз ба?	
I watched the children playing in the garden.	
Мен балалардың бақшада қалай ойнағанын бақыладым.	
<i>W. comb.</i> to watch TV	теледидар қарау
immediately	жуық арада, тез
<i>Syn.</i> at once	бірден, тез
<i>e. g.</i> He immediately saw the mistake. Ол қатені тез байқады.	
He saw the mistake immediately . Ол тез қатені байқады.	
a mouth	ауыз
care	көңіл аудару, қамқор болу
<i>Phr.</i> to take care of smb.	біреуге қамқор болу
<i>Syn.</i> to look after	қарау, көңіл аудару
<i>e. g.</i> Will you look after my dog while I am away?	
Мен келгенше итімді қарап қойыңызшы.	
<i>e. g.</i> Who will look after your children when you go to Leningrad?	
Сіз Ленинградқа кеткенде балаларыңызды кім қарайды?	
careful	сақ, мұқият, аңғарымпаз
<i>e. g.</i> Be careful!	Абай болыңыз!
<i>Ant.</i> careless	байқамсыз, ұқыпсыз, аңғарымсыз
<i>e. g.</i> He makes a lot of mistakes because he's very careless .	
Ол ұқыпсыз болғандықтан көп қате жібереді.	
carefully	ұқыпты, мұқият
<i>Ant.</i> carelessly	ұқыпсыз
<i>e. g.</i> The doctor examined the patient carefully .	
Дәрігер емделушіні ұқыпты тексерді.	
Please listen carefully .	Ұқыпты тыңдаңыз.
to do one's best	мүмкін болатынның барлығын істеу
<i>e. g.</i> I'll do my best to help you.	
Мен сізге көмектесу үшін барлығын істеймін.	
the truth	шындық
<i>Ant.</i> a lie	өтірік, жалған
<i>W. comb.</i> to speak (tell) the truth	шындықты айту
<i>e. g.</i> To speak (to tell) the truth , I don't like it here at all.	
Шынын айтсам бұл жер маған мүлдем ұнамайды.	
true	шын, сенімді, шыншыл

Салыстырыңыз.

He's spoken (told) the truth .	Ол шындықты айтты.
Бірақ:	
Is it true that they have left?	Олардың кетіп қалғаны рас па?

It's true he doesn't know anything yet. Расында да ол әлі ештеңе білмейді.
It's a true story. Бұл шын оқиға.

serious

W. comb. a serious operation

шынымен

маңызды операция

seriously

e. g. My friend is **seriously** ill now.

шынымен, шын

Менің досым қазір шынымен ауырып жатыр.

an operation

W. comb. to perform (do) an operation

операция

to operate (on smb.)

e. g. He's just been **operated on**.

біреуге операция жасау

Оған жаңа ғана операция жасады.

surprise

Prep. to one's **surprise**

таң қалу, таңдану

біреудің таңданысына

e. g. **To my surprise** he did quite well as Hamlet.

Оның Гамлеттің рөлін жаман ойнамағаны мені таң қалдырды.

to surprise

Gr. to be surprised at smb. (smth.)

таң қалдыру, таңырқату

біреуге немесе бір нәрсеге таңдану

e. g. Don't **be surprised at** all these changes.

Бұл өзгерістерге таң қалмаңыздар.

Don't **be surprised that** we've made all these changes.

Біз енгізген барлық өзгерістерге сіздер таң қалуға тиіс емессіз.

We **were surprised** to see (to hear, to find out) that...

Біз таңдана қарадық көргенімізге (естігенімізге, білгенімізге)

to explain

Prep. to explain smth. **to** smb.

түсіндіру, біреуге бірдеңені түсіндіру

біреуге бір нәрсені түсіндіру

e. g. We'd like them to **explain** the rule **to** us once more.

Олар бізге осы ережені тағы да бір рет түсіндірсе екен.

Would you like us to **explain** how to get there?

Сіздер біздің анда қалай жетуді түсіндіруімізді қалайсыздар ма?

to add

e. g. I've nothing more to **add**.

қосу

Менің басқа қосарым жоқ.

to cost (cost, cost)

e. g. How much does it **cost**?

тұру (бағасы)

Бұл қанша тұрады?

It only **cost** me **two** rubbles.

Бұл маған тек екі сомға шықты.

It **costs much**.

Бұл қымбат тұрады.

grateful

Ant. ungrateful

игілікті, қайырлы

игіліксіз

Gr. to be grateful to smb. for smth.

біреуге бір нәрсе үшін игілікті болу, алғыс айту

e. g. I'm **grateful to you for all** you've done for me.

Сіздің маған істеген жақсылығыңыз үшін алғысымды айтамын.

an idea

e. g. A good **idea** came to him.

идея, ой түсінік, пайымдау

Оған жақсы ой келді.

e. g. The book gives you a good **idea** of life in India.

Кітап Үнді өмірі туралы сізгі жақсы ой салады.

I've no **idea** where he is now. Мен оның қазір қайда екенін білмеймін.

to break (broke, broken) сындыру, шағу

e. g. He fell and **broke** his leg. Ол құлап аяғын сындырып алды.

Don't touch this vase. It's **broken**. Мына вазаға тимеңыз. Ол шағылған.

The cup **broke** to pieces. Стақан быт-шыт болды.

W. comb. to **break out** басталу, бастау, күшіне ену

e. g. Suddenly a storm **broke (out)**. Кенеттен боран басталып кетті.

to report айту, баяндау

to make out (made out, made out) анықтау, түсіну, дұрыстап тыңдау,
дұрыстап қарау

e. g. I couldn't **make out** anything because it was too dark in the room.

Бөлме өте қараңғы болғандықтан мен ештеңені анық көре алмадым.

Lesson 21

to belong

Prep. to belong **to** smb.

e. g. Who does the building **belong to**? Мына ғимарат кімдікі?

an age

ғасыр

tragic

қайғылы

for

солай, себебі

president

президент

a duty

борыш, міндет

W. comb. to do one's duty

өз міндетін, борышын атқару

W. comb. a round of duties

қызмет міндеттемесі

W. comb. to be on duty

кезекшілікте болу

a mood

көңіл-күй

W. comb. to be in a good (bad) mood

жақсы (жаман) көңіл-күйде болу

a could

бұлт

cloudless

бұлтсыз

a wind

жел

e. g. The **wind** is rising (falling).

Жел күшейіп (басылып) барады.

The **wind** blew my hat off.

Жел қалпағымды ұшырып кетті.

A cold (warm, strong) **wind** was blowing.

Салқын (жылы, қатты) жел соғып тұрды.

to blow (blew, blown)

соғу, үрлеу

a flag

жалау, ту

to hoist

көтеру

private

жекеменшік

a government

мемлекет, үкімет

to end

аяқтау, аяқталу

e. g. How does the story **end**?

Әңгіме немен аяқталады?

Everything **ended** happily.

Бәрі ойдағыдай аяқталды.

World War II **ended** in 1945.

II-Дүние Жүзілік Соғыс 1945 жылы

аяқталды.

Салыстырыңыз.

I came to the Institute at half past 12, but the lecture **was** already **over** and there was nobody in the classroom.

Мен институтқа сағат 12: 30 да келдім, бірақ лекция әлде қашан аяқталған екен әрі аудиторияда ешкім жоқ еді.

(аяқталу жағдайы, біткен істі білдіреді.)

I found out that the lecture **had ended** (**finished**) half an hour before I came.

Мен келгенге дейін лекцияның жарты сағат бұрын аяқталғанын білдім.

(бір істің бітуі, біткен істі білдіреді.)

whole

бүкіл, тұтас

W. comb. the whole truth

барлық ақиқат

the whole world

бүкіл әлем

e. g. The **whole** world knows his name. Оның атын бүкіл әлем біледі.

Бірақ:

His name is known **all over the world**. Оның аты бүкіл әлемге танымал.

to celebrate тойлау, атап өту

e.g. On the seventh of November, 1987, the Soviet people **celebrated** the seventieth anniversary of the Great October Socialist Revolution.

Кеңес халқы Ұлы Қазан Төңкерісінің 70 жылдығын 1987- жылдың 7- қарашасында тойлады.

a wish 1.тілек

e. g. His wish to go there was still strong.

Оның анда кетемін деген тілегі әлі күшті еді.

2. тілек

W. comb. With best wishes (for a happy New Year)

ең игі тілекпен (Жаңа Жылға)

tired шаршаңқы

Gr. to be tired шаршап-шалдығу

to feel tired өзін шаршаңқы сезіну

e. g. If you don't have breakfast before we start off, you'll soon **be tired**.

Егер сіз сапарға шығар алдында таңертеңгі асыңызды ішпесеңіз жылдам шаршайсыз.

all day (= all day long , all the day) күні бойы, күнүзақ

e. g. They worked **all day (all day long, all the day)**.

Олар күні бойы жұмыс жасады.

The wind blew **all day (all day long, all the day)**.

Жел күні бойы соғып тұрды.

to upset (upset, upset) 1.төңкеру, айналдырып тастау

e. g. I'm afraid the wind will **upset** the boat.

Жел қайықты төңкере ме деп қорқамын.

2.бұзу

W. comb. to upset a plan жоспарды бұзу

Gr. to be (look) upset көңілсіз (көріну) болу

finally әйтеуір, ақыры

however бірақ, қалай да

to announce хабарлау

e. g. It has just been **announced** on the radio that several famous Italian singers are coming to Moscow.

Жаңа ғана радиодан бірнеше белгілі итальян әншілерінің Мәскеуге келетіндерін хабарлады.

present қатысушылар, барлар

Ant. absent жоқтар

Gr. to be present (at) қатысу, бар болу

to be absent (from) қатыспау, жоқ болу

e. g. It was announced that more than one thousand people **were present** at the meeting.

Жиналыста мыңнан аса адамның қатысып отырғандығы хабарланды.

(one's) party алып жүруші, шығарып салушы адам

to arrive	болу, келу, жету
<i>Prep.</i> to arrive in a country (a city)	елге келу (бару)
to arrive at station (port)	аялдамаға жету
<i>Syn.</i> to come	келу, жету

Салыстырыңыз.

Делегация Мәскеуге 21 сәуірде келді. The delegation arrived **in** Moscow on the 21st of April.

1-мамырды мерекелеуге қатысу үшін, делегация Мәскеуге 21-ші сәуірде келді.

The delegation **came to** Moscow on the 21st of April to take part in the May Day celebrations.

a box	ложа (театрда)
an audience	көрермен, көпшілік
<i>e. g.</i> There was a large audience at the theatre.	Театрда көрермен көп болды.
The audience were pleased with the performance.	
	Қойылымға аудиторияның көңілі толды.
to greet	қарсы алу, сәлем жолдау
a storm	боран, дауыл
applause	қошеметтеу, қол соғу
<i>W. comb.</i> to greet smb. with (a storm of) applause	
	біреуді қошеметпен (ду шапалақпен) қарсы алу

Салыстырыңыз.

a storm of applause	ду қол шапалақ
----------------------------	----------------

danger	қауіп
<i>W. comb.</i> to be in danger	қауіпте қалу
to be out of danger (= to be safe)	қауіпсіз болу
<i>e. g.</i> The doctor says the patient's life is out of danger .	
	Дәрігер аурудың өмірі қауіпсіз дейді.
dangerous	қауіпті
<i>Ant.</i> safe	қауіпсіз
<i>e. g.</i> It's dangerous to swim there, even for good swimmers.	
	Ол жақта жүзу тіпті жақсы жүзушілерге де қауіпті.
They feel quite safe there.	Олар өздерін анда толық қауіпсіз сезінеді.
safely	сәтті, аман
<i>e. g.</i> The travelers reached the shore safely .	Саяхатшылар жағаға аман жетті.
an actor	актер
an actress	актриса
directly	1. тіке, тура
<i>e. g.</i> I saw him looking directly at us.	
	Мен оның бізге тіке қарап тұрғанын көрдім.

They were coming **directly** towards us. Олар бізге қарай тіке келе жатты.

2. тез арада, бірден

I'll be back **directly**.

Мен тез арада ораламын.

to approach

жақындау

Syn. to come up (to)

жақын келу, тақалу

Салыстырыңыз.

The train **was approaching** the town. Пойыз қалаға жақындады.

He **came up to** me and said...

Ол маған тақап келді де ... айтты

a gun

қару-жарақ

a distance

ара-қашықтық

W. comb. at a distance of
in the distance

қашықтықта, алыста болу
алыста

e. g. We could see some mountains in **the distance**. Алыстан біз тауды көрдік.

calm

жай, салмақты, байсалды

W. comb. a calm voice (man, sea)

салмақты дауыс (адам, теңіз)

calm weather

тыныш ауа-райы

to calm down

сабырлылық сақтау, тынышталу

Gr. to be calm

сабырлы болу

Ant. to be nervous (nervy)

мазасыздану, толқлу

to be excited

серпілу, толғаныста болу, жайлы тебіреністе болу

Салыстырыңыз.

Don't be nervous. Қам жеменіз, уайымдамаңыз.(ашуланбаңыз)

Everybody **was excited** by the news of the victory.

Жеңіс туралы естіп барлығы толқыды.

to take aim

көздеу

to fire

ату

to fall (fell, fallen)

1. құлау

e. g. Something has **fallen** from the table on the floor.

Бірдеңе столдан еденге құлап түсті.

2. болып қалу

W. comb. to fall asleep

ұйықтап қалу

to fall ill

ауырып қалу

to fall in love with smb.

біреуге ғашық болу

3. түсу

forward

алға

to jump

секіру

Prep. to jump **for** joy

қуаныштан секіру

a stage

сахна

Prep. **on** the stage

сахнада

to be about to do smth.	бірдеңе істеуге жиналу
<i>e. g.</i> He was about to go when a friend rang him up.	
	Ол кеткелі жатқанда досы оған телефон соқты.
to rise (rose, risen)	1. көтерілу
<i>Syn.</i> to get (stand) up	тұру, көтерілу
<i>e. g.</i> He rose from his chair to greet us.	
	Ол бізбен амандасу үшін столдан тұрды.
	2. шығу (күн туралы)
<i>Ant.</i> to set (set, set)	отыру, бату (күн туралы)
<i>e. g.</i> The sun rises late and sets early in winter.	
	Қыста күн кеш шығып ерте батады.
	3. көтерілу, өсу, ұлғаю
<i>Ant.</i> to fall (fell, fallen)	
a pain	ауру
<i>e. g.</i> I've got a pain in my side.	Менің бүйірім ауырып тұр.
painful	ауру, ауыртатын
<i>Ant.</i> painless	ауыртпайтын
<i>e. g.</i> The operation will be quite painless .	
	Операция ауыртпайтындай, жанға батпайтындай болады.
still	қозғалмайтын
<i>W. comb.</i> to lie (sit, stand) still	жату (отыру, тұру) қозғалмай
a horse	жылқы, ат
to lift	көтеру (қиындықпен)
<i>e. g.</i> The suitcase was so heavy that I could hardly lift it.	
	Чемодан сондай ауыр болғандықтан мен күшпен әрең көтердім.
<i>W. comb.</i> to give smb. a lift	біреуді әкелу
<i>e. g.</i> We didn't expect them to give us a lift .	
	Олардың бізді әкеліп тастауын күтпеген едік.
to carry	әкелу (қолмен), алып жүру
<i>e. g.</i> Will you help me to carry my suit-case to the station, please?	
	Станцияға дейін чемоданды апаруға маған көмектесіңізші.
to carry out	орындау, жүзеге асыру
<i>W. comb.</i> to carry out a plan (an order)	жоспарды (бұйрықты) орындау
opposite	қарама-қарсы
<i>W. comb.</i> the apposite side of the street	көшенің қарама-қарсы жағы
in the opposite direction	қарама-қарсы бағытта
<i>e. g.</i> I thought quite the apposite .	Мен мүлде басқаша ойлап едім.
It's just the apposite .	Айтқандай керісінше.
to remain	1. қалу, қалып қою
<i>e. g.</i> After the fire, very little remained of the house.	
	Өрттен кейінгі үйден азғантай нәрсе қалды.
	Бірақ:
	I've broken another of the new cups, only four are left now.
	Мен және бір кесені сындырып алдым, енді төртеуі ғана қалды.
	2. бір қалыпта қалу, бола тұсу
<i>W. comb.</i> to remain young (true, etc.)	жас күйінде қалу (сенімде, және т. б.).
death	өлім, ажал

Lesson 22

- to show into** кіргізу, әкелу
a breakdown күйзеліс
a painter суретші
to paint 1. сырлау
e. g. He **painted** the walls green. Ол қабырғаларды жасыл сырмен сырлады.
2. сурет салу (бояумен)
e. g. Have you seen any pictures **painting** by Repin in his youth?
Сіз Репиннің жас кезінде салған суреттерін көрдіңіз бе?
to warn ескерту
Prep. to warn smb. **of** smth. біреуге бір зат, қауіп туралы ескерту
to warn smb. **against** (doing) smth.
біреуге бір нәрсе істеуге қарсы ескерту жасау
e. g. The soldier **warned** his comrades **of** the coming danger.
Салдат өз достарына қауіп төніп келе жатқанын ескертті.
The doctor **warned** his patient **against** working too hard.
Дәрігер емделушіге ауыр жұмыс жасамауды ескертті.
W. comb. to warn smb. not to do smth. біреуге бір істі істемеуге ескерту
e. g. The doctor **warned him not to go out.**
Дәрігер оған сыртқа шықпауды ескертті.

Салыстырыңыз.

Did you **tell** everybody about the meeting?
Сіз жиналыс туралы барлығына ескерттіңіз бе?
Why didn't you **tell** me about it? Сіз неге ол туралы маған ескертпедіңіз?
Has anyone **warned** them of the danger? Біреу оларға қауіп туралы ескертті ме?

- a warning** ескерту, сақтандыру, алдын алу
e. g. We were attacked without (any) **warning**.
Бізге ескертусіз шабуыл жасалды.
a crowd топ, жиын, көпшілік
e. g. There was a large **crowd** in the street. Көшеде үлкен топ тұрды.
Gr. to be crowded толы болу (адам)
e. g. The tram **was so crowded** that we couldn't get on it.
Трамвай адамға сондай толы болғандықтан біз онда отыра алмадық.
Gr. to be overcrowded аса толы болу, сыймай кету
e. g. The bus **was overcrowded**. Автобулық толы, онда өте тығыз еді.
a resort курорт
to recommend ұсыныс жасау, ұсыныс
complete түгел, мүлде, шексіз
W. comb. the complete works of шығармаларының толық жинағы

e. g. He's a complete stranger to me.	Ол маған мүлде бейтаныс.
It was a complete surprise to us.	Бұл біз үшін мүлде күтпеген жағдай болды.
quiet	тыныш, у-шусыз
<i>W. comb.</i> a quiet evening (street)	тыныш кеш (көше)
a quiet life	тыныш өмір
<i>Gr.</i> to be (keep) quiet	тыныш болу
e. g. Be (keep) quiet!	Тыныш! Тыныштықты сақтаңыз! Шуламаңыз!
an introduction	1. таныстыру, кіріспе 2. ұсыныс, таныстыру
<i>W. comb.</i> a letter of introduction	кіріспе, таныстыру хаты
a tragedy	трагедия, қайғылы оқиға
to point to smth.	бірдеңені қолмен көрсету, сілтеу
to owe	қарыз болу
e. g. How much do I owe you for all this?	
Бұлар үшін мен сізге қанша қарызбын?	
a French window	баққа немесе балконға кіретін жылжымалы әйнекті есік
to have smth. to do (with)	әлдебір қатынаста болу
e. g. They have nothing to do with this matter.	
Олардың бұл мәселеге ешқандай қатысы жоқ.	
to go shooting	аң аулауға шығу
to turn over	аудару, аударылу, төңкеріліп түсу
<i>Syn.</i> to overturn	төңкеру, аудару
e. g. Turn over the page, please.	Бетті аударшы. (кітап, т.б)
The boat was so heavily loaded that it turned over (overturned).	
Қайыққа шамадан тыс жүк тиегендіктен аударылып қалды.	
a body	дене
horrible	қорқынышты, жаман, сұмдық
a tear	көз жасы
to draw (drew, drawn)	1. сүйреу, тасу 2. сурет салу, сызу
a drawing	сурет, сызба
a handkerchief	қол орамал
a pocket	қалта, әмиян
to pass	1. өту, жүру
e. g. Please let me pass . Өтіп кетейінші.	
We passed through several villages.	Біз бірнеше ауылдан өттік.
<i>Prep.</i> to pass by	жанынан өту (көңіл аудармай)
<i>Syn.</i> to go past	өту
e. g. Many people passed by the little house and no one asked who lived there.	
Көп халық кішкене үйдің жанынан өтті бірақ ешқайсысы онда кім тұратынына көңіл аударған жоқ.	
Many people went past the tribune.	Көп адам мінбенің жанынан өтті.
	2. уақыт өту, өтіп кету
e. g. How many years have passed since I last saw you?	
Сені соңғы рет көргенімнен бері қанша уақыт өтті?	

	3. қол жалғау, беру
<i>e. g.</i> Please pass me the salt.	Түзға қол жалғап жіберіңізші.
for ever (<i>Lit.</i>)	мәңгілік, мүлде
<i>Syn.</i> for good (<i>Coll.</i>)	мәңгі бақи, басыбайлы
<i>e. g.</i> Are you leaving for good or do you intend to come back?	
	Сен мүлде кетіп бара жатырсың ба, әлде қайтып келу ойыңда бар ма?
day by day	күннен күнге, күн сайын
<i>e. g.</i> The sick man was very weak at first, but after the operation, he got better day by day .	
	Алғашында ауру кісі тым әлсіз еді, бірақ операциядан кейін оның жағдайы күн сайын жақсара түсті.
advice	ақыл, кеңес
<i>W. comb.</i> a piece of advice (some advice)	азғантай ақыл
to give advice	ақыл айту
to take (follow) smb.'s advice	біреудің ақылын тыңдау
<i>e. g.</i> He gave me a piece of good advice , and I think I'll take it.	
	Ол маған азғантай ақыл айтты, соны тыңдаймын ғой деп ойлаймын.
	He gave me some advice , but I didn't take it.
	Ол маған ақылын айтты, бірақ мен оны тыңдаған жоқпын.
news	жаңалық, хабар
<i>e. g.</i> The radio gives us a lot of interesting news every day.	
	Радио бізге күн сайын көптеген қызықты жаңалықтар айтып тұрады.
information	мәлімет, информация, ақпарат
<i>e. g.</i> This information is very important.	Бұл мәлімет өте маңызды.
progress	жетістік, алға басу
<i>W. comb.</i> to make progress	жетістікке жету
<i>e. g.</i> You'll make good progress in your English if you read a lot.	
	Егер көп оқысаң ағылшын тілінде жетістікке жетессің.
over	1. жоғарыда, үстінде
<i>e. g.</i> There's a lamp over the table.	Столдың үстінде шам ілулі тұр.
	2. көптеген, көп, ойлағаннан көп
<i>e. g.</i> There were over a hundred people.	Жүзден аса адам бар еді.
	3. аржағы, арқылы
<i>e. g.</i> He lives over the river.	Ол өзеннің аржағында тұрады.
once	бір күні, бірде
<i>Syn.</i> one day бір күні	
one morning (evening, etc.)	бірде, таңертең (кешке, т.б.)

Салыстырыңыз.

There **once** lived an old man. Бір кезде бір қарт кісі болды.
Once (one day) when I went to see her, she looked very ill.
Бір рет мен оны көруге барғанымда ол өте ауру болып көрінді.
One day he came home and said he was going to get married.
Бір күні ол үйге келіп үйленгелі жатқанын айтты.

a feeling	сезім
to gather	жиналу, жинау
<i>e. g.</i> The clouds are gathering , it's going to rain. Бұлттар жиналып жатыр, жаңбыр жауатын сияқты. Young writers often gathered there to discuss their new works. Жас жазушылар өздерінің жаңа жұмыстарын талқылауға ол жерге жиі жиналады.	
sad	көңілсіз, қайғылы, мұңды
a pause	үзіліс, кідіріс
to enter	1. кіру (ішке)
<i>Syn.</i> to go (come) into	ішке кіру
<i>e. g.</i> He entered the house and looked around. Ол үйге кірді де айналасына қарады.	
	2. жоғары оқуға түсу
<i>W. comb.</i> to enter an institute (<i>lit.</i>)	институтқа түсу
<i>Syn.</i> to go to an institute (college) (<i>Coll.</i>)	институтқа түсу
to get into an institute (<i>Coll.</i>)	институтқа түсу
a niece	немере, жиен (қыз)
a nephew	немере, жиен (ұл)
to entertain	1. көңіл көтеру
<i>e. g.</i> We were all entertained by his tricks. Оның әзілдері бәріміздің көңілдерімізді көтерілді.	
	2. қонаққа қабылдау, қонақжайлылық көрсету
<i>e. g.</i> We often entertain friends on Sunday. Біз жексенбі сайын жиі достарымызды қонаққа шақырамыз.	
entertainment	1. көңіл көтеру
	2. концерт
<i>Syn.</i> a show	спектакль, шоу
a concert	әнші қойған концерт
to amuse	сергіту, көңілін көтеру
<i>e. g.</i> He amused them by telling them funny stories. Ол қызықты әңгімелер айтып олардың көңілдерін сергітті.	
to amuse oneself	өзінің көңілін көтеру, өзін сергіту
amusing	көңілді, жайдары
<i>e. g.</i> The performance was amusing , and we enjoyed it very much.	

Спектакль көңілді болды, біз оны рахаттана қарадық.

- gay** (*Lit.*) көңілді
W. comb. a gay voice көңілді дауыс
gay music (laughter) көңілді әуен (күлкі)
e. g. Everybody was happy and **gay**. Барлығы бақытты да көңілді еді.
Syn. jolly (*Coll.*) көңілді, қуанышты
W. comb. a jolly man көңілді кісі
a jolly evening көңілді кеш
e. g. We've had a **jolly** time. Біз уақытты көңілді өткіздік.
We're having **jolly** weather. Ауа райы өте жайлы болып тұр.
- to worry** абыржу, мазасыздану, толқу
e. g. What's **worrying** you? Сіз неге абыржып тұрсыз?
Don't **worry**, we'll get there safely. Абыржымаңыз, біз аман жетеміз.
Prep. to worry **about** smth. бір нәрсеге мазасыздану
e. g. Don't cry. There's nothing to **worry about**.
Жыламаңыз. Абыржитындай ештеңе жоқ.
Gr. to be (look) worried мазасыз болып көріну
e. g. Everybody **was worried** by the news.
Барлығы ол жаңалықтан мазасызданды.
- to avoid** құтылу, қашу
to be interested қызығу, мүдделі болу
Prep. to be interested **in** (doing smth.) бір нәрсені істеуге қызығу
e. g. I think he's very **interested in** the work.
Меніңше ол бұл жұмысқа өте қызығулы.
They **are interested in** discussing the matter today.
Олар бұл тақырыпты бүгін талқылауға мүдделі болып отыр.
- a seat** орын
e. g. Please take your **seats**, Comrades. Жолдастар орындарыңызға отырыңыз.
W. comb. a vacant (empty) seat бос орын
to book seats for (the theatre, the cinema, for a party)
орын алып қою (театрға, киноға, мерекелік кешке)
e. g. "Is this **seat vacant** (empty)?" "No, I'm sorry, it's taken."
"Мына орын бос па?" - "Жоқ. Ол алынып қойған."
I've booked two **seats** for the Art Theatre (for "Three Sisters").
Мен көркем театрға екі билет алуға тапсырыс бердім ("Үш апаға").
- a figure** 1. келбет, түр (кісі)
2. сан
- across** арқылы, ана жағында, ана жаққа
e. g. It's difficult to swim **across** a wide river. Үлкен өзенді жүзіп өту қиын.
His house is **across** the street. Оның үйі көшенің қарсы бетінде.

Салыстырыңыз.

Their way lay across a field.	Олардың жолы дала арқылы өтеді.
Their way lay through a forest.	Олардың жолы орман арқылы өтеді.

<i>Phr.</i> to come across	бірдеңемен ұшырасу, табу (кездейсоқ)
<i>Syn.</i> to find	абу
<i>e. g.</i> When I was reading this book, I came across some interesting facts.	
Мына кітапты оқып отырып мен талай қызық фактілерге жолықтым.	
a shoulder	иық
a dog	ит
to follow	1. соңынан еру
<i>e. g.</i> You go first, and I'll follow (you).	Сен алда жүр, мен соңыңнан еремін.
Monday follows Sundays.	Жексенбіден кейін дүйсенбі келеді.
	2. үлгеру, еру
<i>e. g.</i> He spoke so fast that I couldn't follow him (follow what he said).	
Ол сондай тез сөйледі мен оның не айтқанын түсініп үлгермедім.	
	3. біреудің айтқанын істеу
<i>W. comb.</i> to follow smb's advice (example)	
біреудің айтқан ақыл-кеңесін тыңдау	
to seize	ұстап алу, алу, жармасу
to run (ran, run)	жүгіру
<i>W. comb.</i> to run in	(ішке) жүгіріп кіру
to run out	(сыртқа) жүгіріп шығу
<i>e. g.</i> He ran out (of the room).	Ол бөлмеден жүгіріп шықты.
mad	ақылсыз, жынды, есі ауысқан
to enjoy oneself	уақытты жақсы өткізу, ләззат алу, рахаттану
<i>e. g.</i> I heard you were in the country yesterday. How did you enjoy yourself ?	
Мен сіздің кеше қала сыртында болғаныңызды естідім. Уақытты қалай өткіздіңіз?	
a gentleman	мырза
single	дара, жеке, жалғыз, бөлек
<i>W. comb.</i> a single room	жеке бөлме (қонақ үйде)
a single ticket	бір бағытқа арналған билет
<i>Gr.</i> to be (remain) single	үйленбеу, жалғыз болу
to attack	шабуыл жасау, бас салу
a pack	топ, пакет
to frighten	қорқыту, үркіту
<i>Gr.</i> to be frightened	қорқу, үрқу
to find oneself	табу, болып шығу, табылу
<i>e. g.</i> The soldiers with their wounded captain found themselves in the forest at last, and were able to have a rest.	
Ақыры солдаттар өздерінің жаралы командирімен орманда табысты.	
a cemetery	мола, бейіт

to climb	өрмелеу, көтерілу
<i>W. comb.</i> to climb up	жоғары шығу, кіру, кіріп кету
to climb down	төмен түсу
a grave	мола, қабір
<i>W. comb.</i> a newly-dug grave	жаңа қазылған мола
to invent	ойлап шығару
<i>e. g.</i> The radio was invented by Alexander Popov.	
Радионы Александр Попов ойлап шығарды.	
artistically	артистік шеберлікпен

Lesson 23

the (a) first night премьерa (спектакльдің алғашқы қойылымы)

e. g. We couldn't get tickets for **the first night**.

Біз премьерaға билет ала алмадық.

He always nervous on **a first night**.

Ол спектакльдегі алғашқы күні әрқашан толқиды.

one's first night

біреудің алғашқы сахнаға шығуы

a producer

продюсер - фильмді қаржыландырушы

a director

режиссер - бәрін ұйымдастырушы

fond

ұнатушы, сүйетін, сүйген адам

Gr. to be fond of smth., of doing smth.

ұнату, бір нәрсені істегенді ұнату, бір нәрсеге алдану

e. g. My son is **fond of** music. Менің ұлым музыканы ұнатады.

My son is **fond of** playing the piano. (= likes playing piano)

Менің ұлым пианино тартуды ұнатады.

Syn. to like

ұнау, ұнату

to love

сүю

Салыстырыңыз.

When I was a boy, I **liked** skating.

Мен балалық шағымда коньки тебуді ұнататынмын.

Did you **like** the film?

Сізге фильм ұнады ма?

He's **fond of** the theatre.

Ол театрды ұнатады.

He **enjoyed** the play.

Оған пьеса ұнады.

like that (this)

сондай, осындай

e. g. I'm fond of people **like that**. Маған сондай адамдар өте ұнайды.

You must do it **like this**. Міне сіз осындай қылуыңыз керек.

a Muscovite

мәскеулік

to miss

жіберу, өткізу

W. comb. to miss classes

сабақты жіберіп алу

e. g. Why did you **miss classes** yesterday?

Сіз неге кеше сабақты жіберіп алдыңыздар?

W. comb. to miss a train

пойызға кешігу (кесте бойынша жүретін

транспорттың кез-келген түрі)

to catch a train

пойызға тап болу

Салыстырыңыз.

I missed the train. Мен пойызға кешіктім.

I was late for classes (the show, etc.).

Мен сабақтан кешігіп қалдым(концерке, т.б.).

an opportunity

Syn. chance

Gr. **the opportunity** of doing smth.

an opportunity to doing smth.

W. comb. to take (miss, give, have, find) an opportunity (chance)

мүмкіндікті пайдалану (мүмкіндікті жіберу, беру, табу).

e. g. You must take every opportunity (=chance) to speak English.

Сіз Ағылшын тілінде сөйлеу үшін барлық ыңғайлы сәтті пайдалануыңыз керек.

I'm glad **to have this opportunity** of speaking to you alone.

Сізбен жеке сөйлесуге маған мүмкіндік берілгеніне қуаныштымын.

I'll be sorry if you **miss this opportunity** (= chance).

Егер сіз бұл мүмкіндікті жіберіп алсаңыз мен оған өкінер едім.

We were given every opportunity to see the country and speak to the people.

Бізге елді көріп адамдармен сөйлесуге барлық мүмкіндік жасалды.

Let's give him another **chance** to pass the examination.

Оған емтиханнан өту үшін тағы бір мүмкіндік беріп көрейік.

to be on

жүріп жату, қойылу (дәл сол уақытта кино, пьеса жайлы т.б.)

e. g. This film **isn't on** any more. Do you know when it was taken off?

Бұл фильм енді болмайды. Сен оның қашан түсірілгенін білесің бе?

What's **on** at the cinema tonight? Бүгін кинода не болады?

Syn. to run (ran, run)

жүру, созылу (кинода, пьесада белгілі уақыт ішінде)

e. g. A new film usually **runs** two or three weeks.

Әдетте жаңа фильм екі-үш апта жүреді.

W. comb. to have a long (short) run

көпке (азға) созылу

part

роль

W. comb. leading part

басты роль

to play (the part of)

роль орындау, ойнау

e. g. Who **played (the part of)** Hamlet? Гамлетті кім ойнады?

a poster

афиша

the other day

кеше, өткенде, жақында

one of these days

бүгін - ертең

Салыстырыңыз.

I saw him **the other day**. Мен оны жақдында ғана көрдім. (өткен бір күн)
I'll be seeing him one **of these days** (in a day or two).
Мен оны бүгін - ертең көремін.
(болашақта жақын күндердің бірінде, бір екі күн ішінде)

to manage

1. жүргізіп алып кету, меңгеру

e. g. I wonder how she'll **manage** the work.

Қызық, ол бұл жұмысты қалай алып кете алар екен?

2. жасай білу, сәті түсу

e. g. Where did you **manage** to get this book?

Саған бұл кітапты алудың қалай сәті түсті?

a curtain

1. перде (театр)

2. шымылдық

W. comb. to go up (= to rise)

көтерілу (перде)

to fall (= to drop)

түсіру (перде)

the house көрермендер залы

packed толған, лық толы

Gr. to be packed

лық толу, лық толы болу

e. g. Though the play has had a long run, the house **is** always **packed**.

Бұл пьеса көптен бері жүріп жатқанымен, залы күнде толы .

a row

қатар

e. g. I don't like to sit in the first **row**.

Мен бірінші қатарда отырғанды ұнатпаймын.

the stalls

партер

the pit

амфитеатр

the (dress) circle

бельэтаж

the balcony

балкон

the gallery

галерея

Prep. **in** the stalls (the pit, the dress-circle, the balcony, the gallery)

Партерде (амфитеатрде, бельэтажда, балконда, галереяда)

in a box

ложада

light

1. жарық

e. g. There's a lot of **light** in this room. Бұл бөлмеде жарық өте көп.

2. от, алау

Phr. Will you give me a light?

Темекі шегуге рұқсат етіңіз.

the lights

жарық (театрдағы)

e. g. **The lights** go down.

Жарықтар өшті.

Бірақ:

The lights went out.

Жарықтар өшті.

performance

 орындау

e. g. Everybody enjoyed the young actor's **performance** as Hamlet.

Жас актердің Гамлеттің ролін ойнағаны бәріне ұнады.

talented	талантты, қабілетті
<i>W. comb.</i> a talented writer (actor, composer, painter, poet)	
	талантты жазушы (актер, композитор, суретші, ақын)
an impression	әсер, көңіл бөлу
<i>W. comb.</i> a deep impression	терең әсер
	a good (wonderful) impression жақсы (керемет) әсер
	a strange impression қорқынышты әсер
	to make an impression on (upon) smb. біреуге әсер ету
	to be under the impression that (= to get impression that)
	біреуге әсер ету
<i>e. g.</i> The new novel made a deep impression on everybody.	
	Жаңа роман бәріне қатты әсер етті.
	I was under the impression that you were out of town.
	Маған сен қалада жоқ сияқты болып көріндің.
to applaud smb. <i>Lit.</i>	қол соғу, шапалақтау
<i>Syn.</i> to clap (one's hands) <i>Coll.</i>	қол шапалақтау
<i>e. g.</i> Everybody clapped (him) when he finished speaking.	
	Ол сөзін бітіргенде бәрі оған қол шапалақтады.
an act	бөлім, акт
to act	1. қимылдау, қозғалу
<i>e. g.</i> The girl's life was saved because the doctors acted very quickly.	
	Қыздың өмірі дәрігерлердің тез қимыл жасауынан сақталып қалды.
<i>W. comb.</i> to act as	міндет атқару
<i>e. g.</i> Many students acted as guides during the festival.	
	Фестиваль кезінде студенттердің көбі жетекшінің рөлін атқарды.
	2. өзін алып жүру, кірісу
<i>e. g.</i> He acted like a hero.	Ол өзін батырша ұстады.
<i>Syn.</i> to play	ойнау (рөль)
<i>e. g.</i> Who's acting (playing) Higgins today?	
	Бүгін Higgins - дің рөлін кім ойнайды?
acting	актерлық ойын
<i>e. g.</i> Did you like his acting ?	Сізге оның ойнағаны ұнаы ма?
a cast	актерлар, ойнаушылар құрамы
<i>e. g.</i> The cast of the play was very good.	
	Орындаушылардың құрамы өте жақсы еді.
a company	труппа, топ
an interval	үзіліс
local	жергілікті
<i>W. comb.</i> a local theatre (newspaper, etc.)	жергілікті театр (газет, тб.)
favourite	сүйікті
<i>e. g.</i> Tolstoy is my favorite writer.	Толстой менің сүйікті жазушым.
a chance	шанс, сәттілік
a scene	сахна
<i>e. g.</i> How many scenes are there in the first act?	
	Бірінші бөлімде неше сахна бар?
a rehearsal	дайындық

W. com. a dress rehearsal негізгі дайындық
doubt күдік, күмән
e.g. I've no **doubt** that you'll manage the work (very well).
Сіздің жұмысты алып кете алатындығыңызға күмәнім жоқ.

Phr. no doubt еш күмәнсіз

e. g. You've **no doubt** heard the news. Сөзсіз, сіз хабарды естідіңіз.
No doubt he meant to help, but he has made things worse.

Сөз жоқ, оның көмектескісі келді, бірақ бүлдіріп алды.

success сәттілік, жетістік

Салыстырыңыз.

The new play is a **great success**. Жаңа пьеса үлкен жетістікке жетті.
My son **has made a good progress** in music (= is doing well in music).
Менің ұлым музыкада үлкен жетістіктерге жетті.
My son **is doing well** at school. Менің ұлым оқуда жетістікке жетеді.

to do a play пьеса қою

a ticket

билет

Prep. a ticket for a theatre (a play) театрға билет (пьесаға)

to book seats

билетке тапсырыс беру

beforehand

ертерек

e. g. I made all the necessary preparation **beforehand**.

Мен барлық затты ертерек дайындап қойдым.

a production

қойылым

a box-office

театр кассасы

Lesson 24

a bench	отырғыш
to hide (hid, hidden)	жасыру, жасырыну
<i>e. g.</i> Let's hide the toy (away) from the boy. Ойыншықты баладан жасырайық.	
They hid in the forest.	Олар орманда жасырынып қалды.
behind	артында, артта
<i>e. g.</i> He was hiding behind the door. Ол есіктің артына жасырынды.	
<i>W. comb.</i> to be behind	қалып қою, артта қалу
<i>e. g.</i> Harry is behind Tom in his work at school.	
Мектепте Гарри Томнан қалып қояды.	
Don't look behind you.	Жалтаңдамаңыз!
a bush	бұта
to set (set, set)	отыру, бату
<i>Ant.</i> to rise (rose, risen)	шығу, көтерілу
a face	бет
a philosopher	философ
to throw (threw, thrown)	лақтыру, тастау
<i>Prep.</i> to throw smth. at smb.	бір нәрсені біреуге лақтыру
to throw smth. to smb.	бір нәрсені біреуге қарай тастау
well-dressed	жақсы киінген
to look like	біреуге ұқсас болу, ұқсау
<i>e. g.</i> His mother looks like a girl of twenty.	
Оның анасы жиырма жасар қызға ұқсайды.	
Who does he look like ?	Ол кімге ұқсайды?
What does he look like ?	Ол қалай көрінеді?
It looks like rain.	Жаңбыр жауайын деп тұрған сияқты.
to sigh	күрсіну
silent	үнсіз, тыныш
<i>Gr.</i> to be silent	тынышталу, үндемеу
<i>Syn.</i> to be (keep) quiet	тыныштықты сақтау
<i>e. g.</i> Everybody was silent .	Барлығы үнсіз отырды.
an expression	1. сөз тіркесі, сөз қолданысы
<i>e. g.</i> Is this expression often used?	Бұл сөз тіркесі жиі қолданыла ма?
	2. түр, жүзінің құбылуы
<i>Prep.</i> the expression of (on) one's face	түрінен көріну
the expression in one's eyes	көздерінен білініп тұру
<i>e. g.</i> There was an expression of joy in her eyes (on her face.)	
Оның көздерінен қуаныш білініп тұрды.	
silly	ақымақ, көзсіз
<i>e. g.</i> It was silly of him to the work in a hurry.	
Бұл жұмысты асығыс жасау оның ақымақтығынан болды.	
It's a silly mistake.	Бұл ақымақтық қате.
whisper	сыбыр, сыбдыр
<i>W. comb.</i> to speak (say smth.) in a whisper	сыбырлап сөйлеу
one's people	ата-ана

e. g. I'll write to **my people** in Minsk about it.

Мен бұл туралы Минскідегі ата-анама жазамын.

to suppose болжау

Gr. to be supposed to do smth. бір нәрсе жасауға міндетті болу

e. g. I'm **supposed** to be there at five. Мен ол жерде сағат 5-те болуым керек.

Everybody **is supposed** to know it. Барлығы мұны білуге тиіс.

We **weren't supposed** to do it yesterday.

Біз мұны кеше жасауға міндетті емес едік.

People **are not supposed** to smoke here.

Бұл жерде темекі тартуға болмайды.

to drink (drank, drunk) ішу

to have a drink ішу

a bar бар, кафе

a shilling шиллинг

two pence 2 пенс тұратын тиын

to lend (lent, lent) қарыз беру

Ant. to borrow қарыз алу

Prep. to lend smb. smth. біреуге қарызға бір нәрсе беру

to borrow smth. **from** smb. біреуден бір нәрсені қарызға алу

a point 1. нүкте, пункт

W. comb. a point of view көзқарас

from smb's point of view біреудің көзқарасынан

e. g. It's quite a different **point of view**. Бұл нағыз өзгеше көзқарас.

2. басты, елеулі, маңызды

e. g. I don't see your **point**.

Мен сіздің не айтқалы тұрғаныңызды түсініп тұрған жоқпын.

W. comb. the point is that ... мәселе мынада ...

e. g. **The point is that** we haven't enough time.

Мәселе мынада қазір біздің уақытымыз жоқ.

3. басымдылық, ерекшелік

e. g. His strong **point is that** he has traveled a lot.

Оның басымдылығы көп саяхаттанғанында болып тұр.

I love the way she always finds **good points** in people.

Маған оның үнемі адамдардың жақсы жақтарын көретіні ұнайды.

4. ұпай (спорт)

to produce 1. көрсету, ұсыну

e. g. We **produced** our tickets. Біз билеттерімізді көрсеттік.

2. өндіру

e. g. How many machines does the factory **produce** a year?

Зауыт жылына қанша машина өндіреді?

to lose (lost, lost) 1. жоғалту

Ant. to find табу

W. comb. to lose things (money, one's health, etc.)

Заттарды жоғалту (ақша, денсаулық, т.б.)

2. ұтылу

simple қарапайым, оңай, күрделі емес

W. comb. a simple text (rule, story, etc.) оңай текст (ереже, әңгіме, т.б.)

Бірақ:

ordinary people

қарапайым халық, адамдар

a pocket

пакет, түйіншек

evidently

сірә, көрініп тұр

e. g. He has **evidently** read a lot.

Ол сірә көп оқыған болар.

to pick up

жинап алу, жұлу, теріп алу

e. g. The wind blew off his hat, and he quickly **picked it up**.

Жел оның қалпағын ұшырып түсірді, бірақ ол оны тез көтеріп алды.

to allow

рұқсат ету

e. g. Will you **allow** me to use your books while you are away?

Сіз маған өзіңіз жоқ кезде кітаптарыңызды қолдануға рұқсат етесіз бе?

a gate

қақпа, дарбаза

to obey

тыңдау, тіл алу

e. g. You must make the child **obey** you.

Сіз балаңызды өзіңізді тыңдауға мәжбүр етуіңіз керек.

a pound

фунт (ақша)

a card

визитка, карточка

to look for smth.

бір нәрсені іздеу

e. g. What are you **looking for**?

Сіз не іздеп жүрсіз?

Lesson 25

post

e. g. Has the **post** come yet?

W. comb. by ordinary post
by registered post

mail

e. g. Has there been any **mail** today?

W. comb. the morning mail (post)
the evening mail
air mail

Prep. **by** the morning mail (post)
by air mail

e. g. Please send the letter **by air mail**.

Мына хатты әуе поштасымен жіберіңізші.

a post-office

1. пошта (пошталық қызмет көрсету)

2. хат-хабар (жеке меншік)

Пошта әкелінді ме?

жай поштамен

арнайы поштамен

пошта, хат-хабар, хаттар, жедел хаттар, т.б.
(қарапайым қызметтік)

Бүгін қандайда бір пошта түсті ме?

таңертеңгілік пошта

кешкілік пошта

әуе поштасы

таңертеңгілік поштамен

әуе поштасы арқылы

пошта, пошта бөлімі

Салыстырыңыз.

There's a post-office in our street.	Біздің көшеде пошта бар.
A lot of mail comes to our office.	Біздің мекемеге пошта көп келеді.
The letter will go by ordinary post .	Хат кәдімгі поштамен жіберіледі.

a postman

пошташы

postage

пошталық төлем-ақы, пошталық шығындар

W. comb. to pay double postage

пошталық шығындарды екі-еселік өлшеммен төлеу

to post

пошта арқылы жіберу

e. g. Have you **posted** your letter yet? Сіз өз хатыңызды жібердіңіз бе?

a letter-box

пошта жәшігі

Syn. a mail-box

пошта жәшігі

a pillar-box

бағаналы пошта жәшігі

once

1. бірде; 2. бір кезде

twice

екі рет

Есте сақтаңыз.

once	бір рет
twice	екі рет
Бірақ:	
three times	үш рет
four times	төрт рет
five times, etc.	бес рет т. т.

e. g. Sometimes it's not enough to read the text **once**.

Кейде мәтінді бір рет оқу жеткілікті болмайды.

One has to read it **twice** or even **there** or **four times** to understand it well.

Оны жақсы түсіну үшін екі, тіпті үш-төрт рет оқуға мәжбүр боласың.

a stamp пошта маркасы

to stamp марканы жабыстыру

W. comb. to stamp a letter марканы хатқа жабыстыру

an unstamped letter маркасыз хат

e. g. I had no time to buy a **stamp** and my letter went **unstamped**.

Менің марка сатып алуға уақытым болмады, хат маркасыз кетті.

an automatic stamp-machine марка сатуға арналған автомат

change қайтарым

W. comb. small change уақ ақша

e. g. Can you give **change** for a note? Сіз маған фунтты уақтап бересіз бе?

I have not got any small **change** about me. Менің уақ ақшам жоқ.

maybe мүмкін

e. g. **Maybe** they'll write to us one of these days.

Мүмкін олар бізге бірер күнде хат жазар.

both екеуіде

e. g. "Shall I give you an English or Russian book?"

- Ағылшын тіліндегі кітапты берейін бе әлде орыс тіліндегі?

"**Both**, please." - Маған екеуін де беріңізші.

Салыстырыңыз.

They can **both** speak English. Олардың екеуі де ағылшынша

Both of them can speak English. сөйлейді.

They **both** left Moscow. Олардың екеуі де Мәскеуден кетіп

Both of them left Moscow. қалды.

They are **both** here. Олардың екеуі де осында.

Both of them are here.

an envelope

конверт

to need

1. бір нәрсені қажетсіну

- e. g. “Do you still **need** the book?” - Сізге осы кітап әліде керек пе?
 “No, I don’t **need** it any longer.” - Жоқ, маған енді қажеті жоқ.
 2. (модалды етістіктің болымсыз түрінде “қажеті жоқ,, “қажетсіз,, деген мағына береді).

e. g. You **needn’t** come here again.

Сіздің осында тағыда келуіңіздің қажеті жоқ.

to trouble

1. мазасыздану, абыржу, толқу, ренжу

e. g. He was **troubled** about his son’s poor progress.

Ол баласының нашар жетістігіне мазасызданды.

2. тынышын алу, мазасын алу, мазалау

e. g. Does your tooth still **trouble** you? Тісіңіз әлі де мазалап отыр ма?

3. маза бермеу, кедергі жасау, жалықтыру

Syn. to bother

e. g. You can work in this room. I’m sure nobody will **trouble (bother)** you here.

Сіз мына бөлмеде жұмыс жасай аласыз. Бұл жерде сізді ешкім мазаламайды (ешкім кедергі жасамайды).

Салыстырыңыз.

Сіз осындай мәнсіз нәрсеге бола мазасызданбауыңыз керек.

You shouldn’t **worry** about unimportant things like that.

Бұл шу сізді мазалай ма? Does the noise **bother** you?

Менің сізді мазалағым келмейді ,бірақ сіздің көмегіңізсіз еш нәрсе ажырата алмаймын.

I didn’t want to **trouble (bother)** you, but I can’t make out anything without your help.

to lead (led, led)

W. comb. to lead the way

жол бастау, алып жүру (көлікпен)

соңынан ертіп жүру, басында болу

a coin

тиын

a result

нәтиже

to drop

түсіріп алу, құлату

e. g. The little boy was crying because he had **dropped** his toy on the floor and broken it.

Кішкентай бала жылап тұр еді, өйткені ол өзінің ойыншығын еденге түсіріп, сындырып алды.

to drop in

кіріп шығу, жүгіріп кіру, үңілу

e. g. I’ll **drop in** at your place on my way home.

Мен үйге барар жолда сізге кіріп шығармын.

the ground

жер, жердің үстіңгі қабаты

Prep. on the ground

жерде, жер бетіне

a spot

дақ

a face

бет жағы, беткі келбеті (мата, хат)

collection

1. хатты алу

<i>W. comb.</i> the midnight collection	түн ортасында хаттың соңғы алынуы 2. жинақ
<i>e. g.</i> What a fine collection of stamps!	Қандай керемет марка жинағы!
to collect	1. жинау, ретімен орналастыру
<i>e. g.</i> Will you collect your papers, please?	Өз қағаздарыңызды жинаңызшы. 2. алу, тиісті нәрсені, 3. жинақтау, жинау
<i>e. g.</i> Many schoolchildren collect stamps.	Көптеген оқушылар марка жинайды.
firm	қатаң шешім қабылдай алатын
<i>W. comb.</i> a firm voice (decision, answer)	қатаң дауыс (шешім, шешімді жауап)
a job	жұмыс, жұмыс бөлімшесі

Артиклдің қолдануына назар аударыңыз.

That's **an** interesting **job**.

Мынау қызықты жұмыс.

That's interesting **work**.

wounded	жаралы
a goldfish	алтын балық
ahead	алда, алға
<i>e. g.</i> Go straight ahead .	Тіке жүріңіз. (жан-жағыңызға бұрылмаңыз)
<i>Gr.</i> to be ahead of	алда болу, алға шығу
<i>e. g.</i> The boy was so clever that he was soon ahead of the other children in the class.	Бала сондай бейімді еді, көп ұзамай ол өз сыныптастарын басып озды.
a turning	бұрылыс
<i>W. comb.</i> to take the first (second) turning to the left (right)	солға (оңға) қарай бірінші(екінші) бұрылыс жасау.
to register a letter	арнайы хатпен жіберіу
a registered letter	арнайы хат
<i>W. comb.</i> to send a registered letter	арнайы хат жіберу
an ordinary letter	қарапайым, қызметтік хат
a clerk	қызметші
a telegram	жеделхат
<i>W. comb.</i> to send a telegram	жедел хатты жіберу (жедел хат арқылы бір нәрсе хабарлау)
to send off a telegram	жеделхатты жіберу
extra	1. қосымша
<i>e. g.</i> You'll get extra pay for extra work.	Сіз қосымша жұмысыңыз үшін қосымша ақы аласыз.
	2. қосымша
<i>W. comb.</i> to work (pay, etc.) extra	қосымша(төлеу) жұмыс жасау
a money-order	ақшалай аударым
<i>W. comb.</i> to make out a money-order	ақшалай аударым жасау

a form	бланка
<i>W. comb.</i> to fill in a form	бланкіні толтыру
a desk	кеңсе, парта, жазу үстелі
a present	сыйлық
<i>W. comb.</i> to give (make) smb. a present	сыйлық жасау (біреуге)
a birthday present	туған күнге сыйлық, тарту
a wedding present	тойға тартту
to hand	табыс ету, тапсыру
<i>e. g.</i> I handed him the parcel.	Мен оған пәсілкіні табыс еттім.
Бірақ:	
I handed in the parcel.	Мен пәсілкіні табыс еттім.
a parcel	пәсілкі
next	келесі
<i>W. comb.</i> next door	қатарында, қасымызда (көрші үйде, бөлмеде)
<i>e. g.</i> They live next door to us.	Олар біздің қасымызда тұрады.
Бірақ:	
Parcels are taken in the next room .	Пәсілкілер көрші бөлмеде қабылданады.
a receipt	түбіртек, түпқағаз

Lesson 26

ice	мұз
papers (pl)	жазба қағаз
to publish	жариялау, басып шығару
<i>Syn.</i> to print	басып шығару
<i>e. g.</i> The book was first published (printed) in 1950.	
	Кітап 1-ші рет 1950 ж. басылып шықты.
an adventure	хикая, оқиға
a servant	малай, қызметші
an extract	үзінді
<i>Prep.</i> an extract from a book (a story, etc.)	
	кітаптан үзінді (әңгімеден және т.б.)
sport (s)	спорт (көбінесе көпше түрде қолданылады)
<i>W. comb.</i> to go in for sports (s)	спортпен шұғылдану
<i>e. g.</i> He's good at sports .	Ол жақсы спортсмен.
	“Does your son go in for sports ?”
	- Сіздің ұлыңыз спортпен шұғылданама?
	“Oh, yes. He goes in for sports and games of all sorts.”
	- Ия, ол әртүрлі спорт түрімен және спорт ойындарымен шұғылданады.
an athlete	спортсмен (жеңіл атлетика және жүгіру, секіру, жүзу сияқты спорт түрімен шұғылданушы)
a sportsman	спортсмен (балық аулау, аң аулау және т.б. спорт түрімен шұғылданушы)
to reply <i>Lit.</i>	жауап беру
<i>Syn.</i> to answer	бірдеңеге жауап беру
<i>Prep.</i> to reply to smth.	бірдеңеге жауап беру

Салыстырыңыз.

They replied to our letter.	Олар біздің хатымызға жауап берді.
They answered our letter.	
Бірақ:	
in answer to our letter	Біздің хатымызға жауап ретінде
in reply to our letter	

practice	тәжірибе
<i>W. comb.</i> to be out of practice	
	жаттығуы болмау (спортсмендік, музыканттық және т.б.)
<i>e. g.</i> It's difficult for him to speak French because he's out of practice .	
	Оған французша сөйлеу қиын, өйткені оның тәжірибесі жоқ.
to practice	жаттығу, тәжірибеден өту, үйрену
<i>W. comb.</i> to practice running (jumping, etc.)	

to practice tennis (the piano, etc.)	жүгіріп жаттығу (секіруден және т.б.)
to practice for an hour (two hours, etc.) every day	тенистен жаттығу (рояльда ойнап жаттығу)
graceful	күн сайын бір сағат жаттығу (екі, т.б.)
elegant	әсем, сәнді, сүйкімді, әдемі
to reddened	кербез, сырбаз, сыпайы
downstairs	ұялу, қызару
<i>e. g.</i> Someone's waiting for you downstairs .	төменде, астыңғы қабатта
	<i>e. g.</i> Someone's waiting for you downstairs . Біреу сізді төменде күтіп тұр.
<i>Ant.</i> upstairs	жоғарыда, үстіңгі қабатта.
<i>e. g.</i> The Greens live upstairs .	Гриндер отбасы жоғарыда тұрады.
<i>W. comb.</i> to go downstairs	баспалдақпен төмен түсу
to go upstairs	баспалдақпен жоғары көтерілу
a skating-rink	мұз айдыны
to sweep (swept, swept)	сыпыру, сыпырып алу
successful	табысты, жеңісті, сәтті
to raise	көтеру (төменнен жоғарға)
<i>W. comb.</i> to raise one's hat	шляпаны көтеру (сәлемдесу ретінде)
to raise one's glass	бокал көтеру
to raise a curtain	шымалдықты көтеру (театрда)
to raise a question (appoint)	мәселе көтеру
to raise one's voice (against)	қарсы дауыс көтеру (қарсылық ретінде)

Салыстырыңыз.

Мен перді аштым бөлме тез жарық болды.
I opened the curtain and it was immediately light in the room.
Егер сұрағыңыз болса, қолыңызды көтеріңіз.
If you've got a question, **raise** your hand.
Чемодан сондай ауыр еді мен оны алып жүре алмадым.
The suit-case was so heavy that I couldn't **lift** it.
Сіз бірдеңені түсіріп алдыңыз. Кәне алайын.
You've dropped something. Let me **pick** it **up**.

Салыстырыңыз.

They **raised** the curtain. (сабақты етістік) Олар пердені көтерді.
The curtain **rose**. (салт етістік) Перде көтерілді.

to tremble қалтырау, дірілдеу (қорыққаннан, ашудан)
Syn. to shiver қалтырау (аяздан)
e. g. She **trembled** at the sound of a shot. Ол оқ дауысынан сескенді.
 His voice **trembled** with anger. Оның даусы ашудан қалтырап тұрды.

to hold (held, held) ұстау
Prep. to hold smth. **in** one's hands қолда бірдеңені ұстау (алақанда)
 to hold smth.(smb.) **in** one's arms бірдеңені (біреуді) қолда ұстау
e. g. She came into the room **holding** her baby in her arms.
 Ол баласын қолыан ұстап бөлмеге кірді.
Prep. Art. to hold smb. **by** the hand (**by** the shoulder, etc.)
 біреуді қолынан ұстау (иықтан т,б)

Салыстырыңыз.

Ол сөйлеп тұрғанда қолында дәптер бар еді.
 He **held** a notebook in his hand she spoke.
 Сіз кітапты сәрсенбіге дейін сақтауыңызға болады.
 You can **keep** the book till Wednesday.

W. comb. to hold a meeting (a conference, a championship , etc)
 өткізу (жиналыс(конференция, чемпионат, т.б.)
e. g. Will the meeting **be held** tomorrow afternoon?
 Жиналыс ертең күндіз өтеді ме?
 When **was** the meeting **held** ? Жиналыс қашан өтті?

to catch (caught, caught) қағып алу, ұстау
Prep. to catch hold **of** smth бірдеңеден ұстау, бірдеңеге жармасу
e. g. The boy **caught hold of** the life-belt and got out of the water.
 Бала суға батымайтын дөңгелектен ұстап судан шықты.
Phr. to catch (a) cold суық тию, салқын тию
e. g. Don't sit so close to the window, you may **catch cold**.
 Терезеге тым жақын отырмаңыз, салқын тиіп қалуы мүмкін.

to grasp қатты қысу, лап беріп ұстау
drowning батырушы
slippery тайғақ

common 1.күнделікті, қарапайым, жәй
W. comb. a common mistake (thing)
 қарапайым қате (зат), кәдімгі тарап кеткен қате (зат)
e. g. The **common** people in every country want peace.
 Барлық елдің қарапайым халқы бейбітшілікті қалайды.
Ant. uncommon тосын, өзгеше
 2. жалпы

e. g. Children of the same age have **common** interests.
 Қатарлас балалардың қызығушылықтары - ортақ.

to free oneself босау, босап шығу

to touch	бірдеңеге тию, ұстау, тиісу
<i>e. g.</i> Visitors were asked not to touch the exhibits.	
	Көрермендерден экспонаттарға қол тигізбеуі сұралды.
to take no notice of smth. (= not to take any notice of smth)	бірдеңеге назар аудармай
<i>e. g.</i> He took no notice of the warnings.	
	Ол ескертулерге назар аударған жоқ.
to pay attention to smth.	бірдеңеге назар аудару
<i>e. g.</i> You must pay more attention to your spelling.	
	Сіз сөздердің айтылуына көбірек назар аударуыңыз керек.
Бірақ:	
You should take better care of your health.	
	Сіз өз денсаулығыңызға көп назар аударуыңыз керек.
to push	итеру (өзіңнен)
to pull	тарту (өзіне)
<i>e. g.</i> You push (the box) and I'll pull (it).	
	Сіз (жәшікті) итеріңіз, ал мен тартамын.
a liar	өтірікші, алдампаз, суайт
to lie (lied , lying)	өтірік айту, алдау
a stadium стадион (алаң)	
<i>W. comb.</i> the Dynamo Stadium	Динамо стадионы
the Lenin Stadium	Ленин атындағы стадион
at the stadium	стадионда
a fan	жанкүйер
<i>W. comb.</i> a hockey fan	хоккей жанкүйері
a football fan	футбол жанкүйері
a match	ойын
<i>W. comb.</i> a thrilling (exciting) match	ерекше ойын
a team	команда, топ, ұжым
<i>W. comb.</i> a football (hockey) team	футбол(хоккей) командасы
a team of workers	жұмысшылар бригадасы (бір топ жұмысшы)
team - work	ұжымдық жұмыс
<i>Syn.</i> a crew	экипаж (кеме, ұшақтың)
<i>Gr.</i> All the crew are on deck.	команданың бәрі кеме үстінде.
<i>e. g.</i> It's a very good crew .	бұл өте жақсы топ.
a score	есеп (ойын, жарыс есебі)
<i>e. g.</i> "What's the score ?" - "Tow- nil."	Есеп қандай?- Екі де ноль.
to score a goal	гол салу
<i>e. g.</i> No goals were scored .	Бір де бір гол салынбады.
a draw	тең нәтиже, итжығыс
<i>W. comb.</i> to end in a draw	ойынның тең аяқталуы
<i>e. g.</i> The match ended in a draw .	Ойын тең боп аяқталды.
	Ойын 4: 4 есебімен аяқталды.
to win (won , won)	ұту, жеңу
<i>Ant . to lose</i> (lost, lost)	ұтылу, жеңілу
<i>W. comb.</i> to win (to lose) a battle(a match , a game of chess, etc.)	

ұту (ұтылу) шайқаста, (ойында, шахмат ойынында т.б.)
e. g. They **lost** two points. Олар екі ұпай жоғалтты. (ұтылды).
 They **lost** the game. Олар ойында ұтылды.
a champion жеңімпаз

Есте сақтаңыз.

a championship	чемпионат, біріншілік
<i>W. comb.</i> World championship	әлем біріншілігі
a football (hockey) championship	футбол (хоккей) біріншілігі
a competition	жарыс (әр түрлі)
sporting events	жеңіл атлетиканың жеке түрлері бойынша жарыс
<i>W. comb.</i> to win (lose) in the first (second, etc.) event	бірінші (екінші т. б.) болып ұту (ұтылу)
a tournament	турнир, байқау
<i>W. comb.</i> a chess tournament	шахмат турнирі
a tennis tournament	тенистен турнир
a race	жылдамдыққа жүгіру жарысы (жүгіру, мотоциклде т.б.)
<i>W. comb.</i> a horse race	ат жарыс
a boat-race	ескек есу жарысы
to have a race	жүгіруден сайыс (жылдамдықтан)

to beat (beat , beaten) 1. ұру
2. жеңу

e. g. Sportak **beat** Dynamo three two.
 Спартак Динаманы 3:2 есебімен жеңді.

Пішімі 60x84^{1/12}
Көлемі 102 бет, 8,5 шартты баспа табағы
Таралымы 100 дана.
Ш.Есенов атындағы АқтМУ
Редакция-баспа бөлімінде басылды
Ақтау қаласы, 27 ш\а.